



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

2024 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы



«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»,

Шығарылымға жауапты:

Ә.Д. Құрманғалиева

Құрылтайшысы – ҚР Ұлттық Банк
Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 24.02.1997 ж. № 432 тіркелген

1995 жылдан бері шығарылады



РЕДАКЦИЯ АТЫНАН:

Құрметті оқырман!

Қазақстан Ұлттық Банкі назарыңызға 2024 жылға арналған
«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы» журналының
шығарылымын ұсынады.

Сіз бұл басылымда Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген
нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратпен таныса аласыз.



МАЗМҰНЫ

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру және қолма-қол ақшасыз төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 10 Қаулысы..... 5
2. «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинажалғаннан кейін алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 81 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 11 Қаулысы..... 6
3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 21 ақпандағы № 13 Қаулысы..... 7
4. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 15 маусымындағы № 78 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 23 Қаулысы..... 8
5. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 мамырдың № 29 Қаулысы..... 9
6. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 28 маусымның № 33 Қаулысы..... 20
7. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 230 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 5 шілденің № 37 Қаулысы..... 20
8. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 5 шілденің № 41 Қаулысы..... 22
9. «Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының қызметін жүзеге асыру және оның қызметіне қатысатын тұлғалармен өзара іс-қимыл тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 16 шілдедегі № 43 Қаулысы..... 27
10. «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен Қаулысы..... 28
11. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 48 Қаулысы..... 29



12. «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 224 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 49 Қаулысы..... 30
13. «Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 54 Қаулысы..... 31
14. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 30 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 56 Қаулысы..... 32
15. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 58 Қаулысы..... 33
16. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 30 қазандағы № 64 Қаулысы..... 40
17. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 30 қазандағы № 66 Қаулысы..... 42
18. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 78 Қаулысы..... 44
19. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 және «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 2 наурыздағы № 23 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 79 Қаулысы..... 46
20. «Банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 315 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 80 Қаулысы..... 47
21. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына сақтандыру нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 81 Қаулысы..... 51
22. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 82 Қаулысы..... 53
23. «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 83 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірлескен Қаулысы мен бұйрығы..... 55



24. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері жөніндегі кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 85 Қаулысы..... 63
25. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 62 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 56 бірлескен қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 87 және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының бірлескен Қаулысы..... 64
26. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 88 Қаулысы..... 65



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 26 ақпанда № 34053 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 19 ақпан № 10

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру және қолма-қол ақшасыз төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру және қолма-қол ақшасыз төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Тізбенің 2024 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 11-тармағын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 19 ақпан № 11

«Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинажалғаннан кейін алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 81 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинажалғаннан кейін алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 81 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13598 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинажалғаннан кейін алу қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының¹ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

¹ «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинажалғаннан кейін алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 81 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 23 ақпан № 34038 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 21 ақпан № 13

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7996 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**»;
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларында:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) сәйкес әзірленді»;
 - 5-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «б) міндетті арнайы тексерудің оң нәтижесін алмаған адамды тағайындауға болмайды.»;
 - 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «6. Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына орналасу міндетті арнайы тексерудің оң нәтижесін алғаннан кейін және тұрғылықты жері бойынша салық органына Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген нысан бойынша декларацияны және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мәліметтерді тапсырған соң жүзеге асырылады.»;
 - 7-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «б) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы магистратурасының түлектері немесе оқуын Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен жасасқан білім беру қызметін көрсету туралы шарттар шеңберінде Ұлттық Банк қаржыландырған Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары магистратурасының түлектері»;
 - 12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1) Ұлттық Банктің атауы, орналасқан жері, кадр қызметінің телефон нөмірлері»;
 - 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «18. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Қағидалардың 12-тармағының 4) тармақшасында белгіленген құжаттарды қабылдау мерзімінен кешіктірмей ұсынған құжаттар қарау үшін қабылданады.»
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Адам капиталын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының² орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 6 мамырда № 34349 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 23 ақпан № 23

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 78 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 78 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20909 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 80) тармақшасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларында:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және онда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – Қор) зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, Қордың зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау тапсырылған кезде, оларды таңдау тәртібі айқындалады.»;
 - 2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5) әртараптандыру – зейнетақы активтерінен айрылу тәуекелін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген талаптарға сәйкес оларды түрлі қаржы құралдарына орналастыру.»;
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;



- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының³ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 3 маусымда № 34450 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 мамыр № 29

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):
 - 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) әлеуетті жеткізуші – тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

³ «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 78 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



- Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс беруші сатып алған (жалға алған) жағдайда, әлеуетті жеткізуші болады;
- 2) әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы – әлеуетті жеткізушінің шешімдерін айқындайтын және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал ететін кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әлеуетті жеткізушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;
 - 3) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, сол бір функцияларды орындауына және бірін-бірі алмастырушы болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрауыштардан тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;
 - 4) біріздендіру – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді рұқсат етілетін элементтер мен шешімдер тізбесін қысқарту, оларды біртектілікке келтіру арқылы артық әртүрлілікті жоюға бағытталған сатып алу;
 - 5) бюджет – тапсырыс берушінің бюджеті (шығыстар сметасы), бизнес-жоспары (жылдық бюджеті), даму жоспары;
 - 6) жеткізуші – тапсырыс берушімен сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс беруші сатып алған (жалға алған) жағдайда, мұндай жеке тұлға жеткізуші болады;
 - 7) жұмыс – заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;
 - 8) көрсетілетін қызмет – тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;
 - 9) қаржы жылы – ағымдағы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын уақыт кезеңі;
 - 10) құрылыстағы кешенді жұмыстар – жобалау және іздестіру жұмыстары, салу (оның ішінде «толықтай дайын») және көрсетілген жұмыстарға ілеспе көрсетілетін қызмет және (немесе) тауар жеткізу қамтылатын жұмыстар жиынтығы;
 - 11) сараптама комиссиясы (сарапшы) – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын әзірлеуге қатысу және (немесе) әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасының талаптарына сәйкес келетіні не сәйкес келмейтіні туралы сараптамалық қорытындыны дайындау үшін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) құратын (айқындаған) алқалы орган (маман);
 - 12) сатып алу – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс беруші бюджетінің қаражаты есебінен Қағидаларда белгіленген тәртіппен сатып алу;
 - 13) сатып алу порталы – электрондық сатып алуға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе;
 - 14) сатып алу туралы шарт – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қағидаларға сәйкес тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін жазбаша нысанда жасалған азаматтық-құқықтық мәміле;
 - 15) сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидаларға сәйкес жүзеге асыратын өзара байланысты, жүйелі іс-шаралар кешені;
 - 16) сатып алуды ұйымдастырушы – тапсырыс берушінің бөлімшесі, филиалы немесе ведомствосы, тапсырыс берушінің шешімімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі үшін жауапты болып айқындалған заңды тұлға;
 - 17) стандарттау – нақты және әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға бірдей, көп мәрте және ерікті пайдалану ережелерін белгілеу арқылы тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды реттеудің оңтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
 - 18) тапсырыс беруші – бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары арқылы Ұлттық Банк, сондай-ақ Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;
 - 19) тауар – нәрсе (зат), оның ішінде жартылай фабрикат немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтендірілген нәтижесі, сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;
 - 20) тендерлік комиссия – тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу үшін тапсырыс беруші құратын алқалы орган;
 - 21) ұзақ мерзімді шарт – 12 (он екі) айдан аса мерзімге жасалатын сатып алу туралы шарт;
 - 22) Ұлттық Банктің ұйымдары – Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;
 - 23) ішкі кооперация – тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) Ұлттық Банктен немесе Ұлттық Банктің ұйымынан не олардың үлестес тұлғаларынан олардың ережесінде немесе жарғысында



көзделген, сондай-ақ тапсырыс берушінің қызметін тоқтаусыз және үздіксіз жүзеге асыруды қолдауға және қамтамасыз етуге бағытталған қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

- 24) электрондық әмиян – сатып алу порталы операторының банктік шотына әлеуетті жеткізуші немесе жеткізуші тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуге, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуге ақша енгізген кезде сатып алу порталы операторының ақпараттық жүйесінде көрінетін әлеуетті жеткізушінің немесе жеткізушінің жеке шоты;
- 25) электрондық сатып алу – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» акционерлік қоғамы оператор болып табылатын сатып алу порталын пайдалана отырып тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.»;
- 6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «6-1. Сатып алу порталының операторы:
- 1) сатып алу порталын ендіруді, дамытуды, қолдауды және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді;
- 2) сатып алу порталын дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды;
- 3) тапсырыс берушілер мен әлеуетті жеткізушілерге сатып алу порталына қол жеткізуді ақылы негізде қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Тапсырыс берушілер мен әлеуетті жеткізушілердің сатып алу порталына қол жеткізу қызметтерінің бағасын сатып алу порталының операторы белгілейді;
- 4) тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға), әлеуетті жеткізушілерге сатып алу порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өтеусіз негізде консультациялық көмек көрсетуді;
- 5) сатып алу порталында орналастырылған электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
- 6) Қағидаларға сәйкес сатып алу порталын ақпараттық толықтыруды қамтамасыз етуді;
- 7) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл жасауды;
- 8) Қағидаларда айқындалған тәртіппен сатып алу порталында тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуге, шарттың орындалуын қамтамасыз етуге әлеуетті жеткізушінің, жеткізушінің электрондық әмиянына орналастырылған ақшаны енгізу және қайтару процесіне операциялық ілеспе қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді;
- 9) бұрын жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған жеткізушілердің, сондай-ақ сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілердің дерекқорын (бұдан әрі – дерекқор) жүргізуді жүзеге асырады.
- Сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағандарға тауарды жеткізбеген, қызметтерді көрсетпеген және жұмыстарды орындамаған, оның ішінде толық көлемде орындамаған, олармен тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттарды біржақты тәртіппен не заңды күшіне енген сот шешімі бойынша бұзған жеткізушілер жатады.
- Дерекқор барлық тапсырыс берушілер үшін бірыңғай болып табылады және сатып алу порталында орналастырылады.»;
- 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «8. Әлеуетті жеткізуші мен оның үлестес тұлғасы бір тендерге (лотқа) қатыспайды.
- Әлеуетті жеткізуші:
- егер ол тапсырыс беруші үшін байланыс арнасының (негізгі желі) қызметтерін көрсететін жеткізуші болса, байланыс арнасының қызметтерін (резервтік желі) сатып алуға;
- егер ол тапсырыс беруші үшін байланыс арнасының (резервтік желі) қызметтерін көрсететін жеткізуші болса, байланыс арнасының қызметтерін (негізгі желі) сатып алуға қатыспайды.»;
- мынадай мазмұндағы 1-1-тараумен толықтырылсын:
 - «1-1-тарау. Тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді, электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және қайтару тәртібі
- 8-1. Әлеуетті жеткізушінің, жеткізушінің электрондық әмиянға орналастырылған ақшаны қайтару туралы талап етуі бойынша сатып алу порталының операторы осындай талап келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілген, оған қатысты бұғаттау жүзеге асырылмаған немесе бұғаттау тоқтатылған ақшаны қайтарады.
- 8-2. Сатып алу порталының операторы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген шешім қабылдау туралы хабарландыруды сатып алу порталында орналастырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушінің, жеткізушінің электрондық әмиянына орналастырылған ақша түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді бұғаттан шығарады.
- 8-3. Әлеуетті жеткізуші электрондық әмиянға ақша орналастыру түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді таңдаған кезде сатып алу порталының операторы тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасын бұғаттайды.
- Сатып алу порталының операторы электрондық әмиянға орналастырылған ақша түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді:
- 1) Қағидалардың 76-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұғаттан шығарады. Қағидалардың 76-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сатып алу туралы шарт күшіне енген және (немесе)



- тендердің жеңімпазы сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сатып алу порталы арқылы сатып алу порталының операторына өтініш жібереді;
- 2) Қағидалардың 77-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде бұғаттан шығармайды.
 - Сатып алу порталының операторы тапсырыс берушіден (сатып алуды ұйымдастырушыдан) сатып алу порталы арқылы өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушінің электрондық әмиянынан Қағидалардың 77-тармағына сәйкес бұғатталған тендерлік өтінімді қамтамасыз ету бойынша ақшаны өтініште көрсетілген тапсырыс берушінің шотына аударады.
 - 8-4. Жеткізуші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді электрондық әмиянға ақша орналастыру түрінде таңдаған кезде сатып алу порталының операторы жеткізуші шарт бойынша міндеттемелерді толығымен және тиісінше орындағанға дейін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын бұғаттайды.
 - Сатып алу порталының операторы тапсырыс берушіден сатып алу порталы арқылы өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:
 - 1) жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін толығымен орындаған, тұрақсыздық айыбын төлеген жағдайда электрондық әмиянға орналастырылған ақша түріндегі сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді бұғаттан шығарады;
 - 2) жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы, тұрақсыздық айыбын төлемеуі салдарынан шарт бұзылған жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз ету бойынша бұғатталған ақшаны жеткізушінің электрондық әмиянынан өтініште көрсетілген тапсырыс берушінің шотына аударады.
 - 8-5. Сатып алу порталының операторы Қағидалардың 202-тармағына сәйкес шешім қабылдау туралы хабарландыруды сатып алу порталында орналастырған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушінің электрондық әмиянына орналастырылған ақша түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді бұғаттан шығарады.
 - 8-6. Сатып алу порталының операторы Қағидаларда көзделген есеп айырысу операцияларын жүзеге асыруға арналған банк шотына өз ақшасын есепке жатқызбайды, сондай-ақ әлеуетті жеткізушілер, жеткізушілер көрсетілген банк шотына енгізген тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдаланбайды.»;
 - 29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «29. Тендерлік өтінімдерді ашу хаттамасын қоспағанда, тендер тәсілімен электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу хаттамаларына тендерлік комиссияның мүшелері, оның хатшысы электрондық цифрлық қолтаңбаларды пайдалана отырып қол қояды. Сатып алу хаттамалары тендерге қатысушыларды автоматты түрде хабардар ете отырып, сатып алу порталында жарияланады.»;
 - 50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «50. Әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынатын тендерлік өтінімде мыналар:
 - 1) әлеуетті жеткізушінің басшысы не ол уәкілеттік берген тұлға толтырылған және қол қойған (электрондық сатып алуды өткізу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған) Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алуға қатысуға келісім (бұдан әрі – сатып алуға қатысуға келісім) қамтылады.
 - Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді берген кезде онда көрсетілген мәліметтердің дәйектілігін растайды;
 - 2) әлеуетті жеткізуші өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі: заңды тұлғалар үшін құқық қабілеттілігін, жеке тұлғалар үшін азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігін растайтын құжаттардың көшірмесі;
 - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама;
 - құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер, тендерлік өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес берілген ірі акционерлер туралы анықтама;
 - Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) рұқсаттар (хабарламалар).
 - Консорциумдық келісімді ескере отырып, консорциумның бір немесе бірнеше қатысушысы көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес айналысуға рұқсат (хабарлама) алу қажет жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық қабілеттілігіне ие болу бөлігінде консорциум біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады;
 - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат (жеке тұлғалар үшін);
 - егер әлеуетті жеткізуші жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету), оның ішінде қосалқы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуды болжаса, тартылатын қосалқы мердігерлердің не бірлесіп орындаушылардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
 - 3) әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы;
 - 4) Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мөлшерде тендерлік өтінімді қамтамасыз ету;
 - 5) әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар басшыны қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің мүддесін білдіретін адамға (адамдарға) тендерлік өтінімге қол қою және тендерлік комиссия отырыстарына қатысуға берілген сенімхат;



- б) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық қолданылған тендерді, электрондық сатып алуды қоспағанда, Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баға ұсынысы қамтылады. Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде баға ұсынысы сатып алу порталында қалыптастырылады;
- 7) тендерде сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметкөрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері (олар тартылған жағдайда);
- 8) тапсырыс беруші бекіткен өтінімге бағалау өлшемшарттарын қолдануды растайтын құжаттар (егер әлеуетті жеткізуші бағалау өлшемшарттарын қолдануға ниет білдірген жағдайда) қамтылады;
- 9) заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) сатып алуға қатысқан жағдайда, осы консорциумның қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар Қағидалардың осы тармағында көзделген құжаттармен қоса заңды тұлғалардың мүшелері арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартты (консорциумдық келісімді) ұсынады.
- Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде әлеуетті жеткізуші мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталатын құжаттарды қоспағанда, әлеуетті жеткізуші басшысының не ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады.
- Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті жеткізуші құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады.»
- 65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «65. Тендерлік комиссияның хатшысы сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынылатын тендерлік өтінімдерді мына:
- 1) әлеуетті жеткізуші бұрын тендерлік өтінімді ұсынған;
- 2) тендерлік өтінім тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен жағдайларда қабылдамайды.
- Электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында тендерлік өтінімдер мына:
- 1) әлеуетті жеткізуші бұрын тендерлік өтінім берген;
- 2) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың түпкілікті мерзімі өткен;
- 3) тендерлік баға ұсынысы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кеткен;
- 4) Қағидаларда көзделген жағдайда тендерлік баға ұсынысы демпингтік болып табылған;
- 5) әлеуетті жеткізушінің электрондық әмиянындағы тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасы болмаған не жеткіліксіз болған;
- 6) сатып алу порталының тиісті уәкілетті органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерімен интеграциясы болған кезде сатып алуға қатысуға келісімнің 2-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген мәліметтер дәйексіз болған жағдайда автоматты түрде қабылданбайды.»
- 72, 73-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «72. Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:
- 1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) банк шотына енгізілетін кепілдік берілген ақшалай жарна;
- 2) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігі.
- Электрондық сатып алуды өткізу кезінде әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:
- 1) электрондық әмиянға орналастырылған ақша;
- 2) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі.
- Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін енгізіледі.
- 73. Тендерлік өтінімді кепілдік берілген ақшалай жарна не электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде енгізілген қамтамасыз етуді тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) пайдаланбауы тиіс. Әлеуетті жеткізуші өзінің тендерлік өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін үшінші тұлғаларда кепілдік берілген ақшалай жарна не электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде енгізілген тендерлік өтінімді қамтамасыз етуге тұтастай не ішінара талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасамайды.»
- 90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «Тендерлік комиссия сатып алуға қатысуға келісімнің 2-тармағындағы мәліметтерді олардың интернет-ресурста не тиісті уәкілетті органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде орналастырылған ақпаратқа сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.»
- 93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «93. Әлеуетті жеткізуші мынадай:
- 1) тендерлік өтінім тендер талаптарына сәйкес келмеген;
- 2) дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталған жағдайда тендерге қатысуға жіберілмейді және тендерге қатысушы болып танылмайды.»
- 106-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «106. Тендер қорытындылары туралы хаттама мынадай ақпараттан тұрады:



- 1) қорытынды жасау орны, күні және уақыты;
- 2) тендерлік комиссияның құрамы;
- 3) сатып алу жоспарына сәйкес сатып алуға бөлінген сома;
- 4) тендерге қатысушылардың тізбесі және олардың тендерлік баға ұсыныстары;
- 5) бас тарту себебін көрсетумен баға ұсыныстарынан бас тартылған тендерге қатысушылардың тізбесі;
- 6) баға өлшемшарттарын (олар бар болса) қолдану нәтижелері;
- 7) тендер жеңімпазы, сатып алу туралы шарттың сомасы, сатып алу туралы шартты жасасу мерзімдері туралы мәліметтер;
- 8) ұсынысына тендер жеңімпазының ұсынысынан кейін неғұрлым басымдық берілетін тендерге қатысушы туралы мәліметтер.»;
- 107-тармақ алып тасталсын;
- 110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «110. Егер тендер өтпеді деп танылса не тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса, тапсырыс беруші:
 - 1) тендер жеңімпазынан кейін ұсынысы неғұрлым басымдылық берілген тендерге қатысушыға сатып алу туралы шарттың жобасын қоса бере отырып, оны тендер жеңімпазы деп тану туралы хабарлама жіберу туралы;
 - 2) тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
 - 3) тендердің талаптарын өзгерту және тендерді қайта өткізу туралы;
 - 4) шартты тікелей жасау тәсілімен сатып алуды өткізу туралы шешімдердің біреуін қабылдайды.
 - Ұсынысы тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген тендерге қатысушы сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тапсырыс беруші Қағидалардың осы тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.»;
- 143-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «143. Әрбір әлеуетті жеткізуші:
 - әлеуетті жеткізушінің басшысы не ол уәкілеттік берген тұлға толтырған және қол қойған (электрондық сатып алуды өткізу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған) сатып алуға қатысуға келісімді;
 - 2) хабарландыруда көзделген мәліметтерді (құжаттарды) қоса бере отырып 1 (бір) ғана баға ұсынысын береді.»;
 - 148-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «148. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды өткізген кезде әлеуетті жеткізуші хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін мынадай:
 - 1) егер әлеуетті жеткізуші Қағидалардың 140-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, бұрын баға ұсынысын берген;
 - 2) баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кеткен;
 - 3) әлеуетті жеткізуші әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқылы басшыны қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің мүддесін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) баға ұсынысына қол қою құқығына сенімхат табыс етпеген;
 - 4) сатып алу порталының тиісті уәкілетті органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерімен интеграциясы болған кезде сатып алуға қатысуға келісімнің 2-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісін анықтау жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізуші басшысының не ол өкілеттік берген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, сатып алу порталында автоматты түрде тіркелетін 1 (бір) баға ұсынысын табыс етеді.
 - Сатып алу порталы баға ұсынысын табыс еткен әлеуетті жеткізушіге хабарландыруды автоматты түрде жібергеннен кейін баға ұсынысы қабылданған болып саналады.»;
 - 152-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «152. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы, егер:
 - 1) ол сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болса;
 - 2) әлеуетті жеткізуші 1 (бірден) артық баға ұсынысын табыс етсе;
 - 3) Қағидалардың 166-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің ұсынысы техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келмесе;
 - 4) әлеуетті жеткізуші техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну туралы талап болған кезде оны ұсынбаса;
 - 5) әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жобасының маңызды талаптарымен келіспесе;
 - 6) сатып алу порталының тиісті уәкілетті органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерімен интеграциясы болған кезде сатып алуға қатысуға келісімнің 2-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталса қабылданбайды.»;
 - 158-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «12) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесінде көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;»;
 - 159, 159-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:



- «159. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге жазбаша шақыру жібереді, онда мына мәліметтер:
- 1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;
- 2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атаулары және тапсырыс беруші бекіткен техникалық ерекше нұсқамасы;
- 3) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома туралы мәліметтер қамтылады. Қағидалардың 158-тармағының 4) немесе 5) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, өтпеген деп танылған, бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты, баға ұсыныстарын сұратуды қолдана отырып өткізілген тендерді қоспағанда, сатып алуға тендер тәсілдерімен қатысу кезінде әлеуетті жеткізушілер ұсынған сома туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 4) маңызды талаптарын, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімін, санын (көлемін) және басқасын көрсете отырып, сатып алу туралы шарттың жобасы;
- 5) Қағидалардың 165-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) шеңберінде қызметті жүзеге асыру үшін оның бар болуы талап етілсе, рұқсат (хабарлама) беру туралы талап қамтылады.
- Электрондық сатып алуды шартты тікелей жасасу тәсілімен жүргізу кезінде сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті жеткізушіге шақыруды жіберуі сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылады.
- 159-1. Сатып алуға қатысуға келісімнің 2-тармағында көзделген жағдайларда шақыру әлеуетті жеткізушіге жіберілмейді.»;
- 161-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «161. Қағидалардың 158-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызметті көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші шақыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай құжаттарды:
- 1) әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқылы басшыны қоспағанда, сатып алуға қатысуға келісімге қол қойған адамға берілетін сенімхат;
- 2) әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы;
- 3) ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің баға ұсынысы;
- 4) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) рұқсат (хабарлама) ұсына отырып, сатып алуды ұйымдастырушыға қол қойылған сатып алуға қатысуға келісімін жібереді.
- Электрондық сатып алуды өткізу кезінде рұқсаттар (хабарламалар) туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.
- Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті жеткізуші рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін ұсынады.»;
- 164-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «164. Сатып алу қорытындысы туралы хаттамада мынадай ақпарат:
- 1) шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды қолданудың негіздемесі;
- 2) сатып алу үшін бөлінген сома, ал Қағидалардың 158-тармағының 4) немесе 5) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда – бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып өткізілмеген деп танылған тендерді қоспағанда, тендер, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алуға қатысу кезінде әлеуетті жеткізушілер ұсынған сома туралы мәліметтер;
- 3) шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;
- 4) сатып алу туралы шарт жасалатын жеткізушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы қамтылады.»;
- 167-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «167. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алу, егер:
- 1) әлеуетті жеткізуші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан немесе оның бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып өткізілмеген деп танылған тендерді қоспағанда, тендер, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алуға қатысу кезінде көрсетілген бағасынан асып түскен;
- 2) Қағидалардың 166-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынған;
- 3) әлеуетті жеткізуші Қағидалардың 161 немесе 162-тармақтарында көзделген құжаттарды табыс етпеген;
- 4) әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға келісімін жібермеген не сатып алуға қатысудан бас тартқан;



- 5) дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған жағдайларда, өтпеді деп танылады.»;
- 176-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «176. Жеткізуші:
- 1) белгіленген мерзімде қол қойылған сатып алу туралы шарт ұсынылмаған;
- 2) сатып алу туралы шартты жасаудан жазбаша бас тарту берген;
- 3) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, ол сатып алу туралы шартты жасаудан жалтарған деп танылады.»;
- 178, 179-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «178. Тендер жеңімпазынан кейін ұсынысына неғұрлым басымдылық берілген, оны тендер жеңімпазы ретінде тану туралы хабарлама және шарт жобасын алған тендер қатысушысы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу туралы шартқа қол қояды не тапсырыс берушіге орын алған келіспеушіліктер туралы немесе сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.
- 179. Тендер жеңімпазынан кейін ұсынысына тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан Қазақстан Республикасының бейрезиденті – тендерге қатысушысы тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шартқа қол қояды не тапсырыс берушіге орын алған келіспеушіліктер туралы немесе сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.»;
- 181-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «181. Жеткізуші сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.
- Жеткізуші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:
- 1) тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік берілген ақшалай жарна;
- 2) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық банк кепілдігі немесе электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.
- Жеткізушінің күшіне енген сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі аяқталғанға дейін толығымен және тиісті түрде орындау жағдайлары ерекшелік болып табылады.»;
- Қағидаларға 6-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 6-қосымша

Нысан

Сатып алуға қатысуға келісім

1. _____
(әлеуетті жеткізушінің толық атауы көрсетіледі)

_____ (сатып алудың толық атауы көрсетілді)

- сатып алуға әлеуетті жеткізуші ретінде қатысуға ниет білдіреді және сатып алудың көзделген талаптары мен шарттарына сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді (қажеттісін көрсету) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

2. Әлеуетті жеткізуші егер:

- 1) әлеуетті жеткізушінің құрылтайшылары, акционерлері, әлеуетті жеткізуші басшылары тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) қызметкерлері болып және жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болған жағдайда;



- 2) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қызметкерінің тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) өткізілетін сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеуі, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатысқан жағдайда;
 - 3) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушының) атқарушылық құжаттар бойынша республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда;
 - 4) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) мемлекеттік сатып алу бойынша орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда;
 - 5) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы) бұрын жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған жеткізушілердің, сондай-ақ сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілердің дерекқорында тұрған жағдайда;
 - 6) әлеуетті жеткізушіге және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігерге (бірлесіп орындаушыға) қатысты банкроттық және (немесе) тарату рәсімі жүргізілетін жағдайда;
 - 7) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олардың басшылары, құрылтайшылары (ірі акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда;
 - 8) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) тіркеу орны жеңілдікті салық салынатын мемлекеттердің тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болып табылатын заңды тұлға болған жағдайда;
 - 9) әлеуетті жеткізуші мен әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы бір тендерге (лотқа) қатысқан жағдайда;
 - 10) байланыс арнасының қызметтерін (негізгі желі) сатып алуға қатысатын әлеуетті жеткізуші тапсырыс беруші үшін байланыс арнасының (резервтік желі) қызметтерін көрсететін жеткізуші болған жағдайда;
 - 11) байланыс арнасының қызметтерін (резервтік желі) сатып алуға қатысатын әлеуетті жеткізуші тапсырыс беруші үшін байланыс арнасының (негізгі желі) қызметтерін көрсететін жеткізуші болған жағдайда осы келісіммен тендерлік өтінімді, баға ұсынысын қабылдамауға, шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды өтпеді деп танылғанына келіседі.
3. Осы арқылы әлеуетті жеткізушінің

(тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын көрсету)

сатып алу туралы шартының талаптарымен, сондай-ақ Қағидалардың 192-тармағында көзделген жағдайларда тапсырыс берушінің осы сатып алу туралы шартты біржақты бұзуына келісімі білдіріледі.

4. Сатып алу талаптарымен танысқанымызды және тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) немесе тендерлік комиссияға жеткізілетін тауарға (тауарларға), орындалатын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге өзінің құқықтық қабілеттілігі, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дәйексіз мәлімет ұсынғаны үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қағидаларда көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенін растаймыз.
5. Біздің тендерлік өтінім тендерлік өтінімдерді ашқан күннен бастап кемінде 90 (тоқсан) күн ішінде қолданыста болады.
6. Біздің тендерлік өтінім жеңді деп танылған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сатып алу туралы шарттың жобасында көрсетілген мөлшерде енгіземіз.
7. Сатып алу туралы шартты жасасқанға дейін тендерлік өтінім тапсырыс беруші мен біздің арамыздағы міндетті сатып алу шартының рөлін орындайтын болады.

Ескертпе.

5, 6, 7-тармақтар тендер тәсілімен сатып алуға қатысқан жағдайда толтырылады.

(әлеуетті жеткізуші басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолы (электрондық сатып алуды өткізу кезінде электрондық цифрлық қолтаңба)»;

- Қағидаларға 7-қосымша алып тасталсын;
- Қағидаларға 11-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:



«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 11-қосымша

Тапсырыс беруші үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін сатып алатын күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілік тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесі

1. Тамақ өнімдері, ауыз су (бөтелкедегі).
2. Кеңсе тауарлары, А-4, А-3 форматындағы қағаз.
3. Тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметтер.
4. Жуу қызметін көрсету бойынша қызметтер.
5. Автокөлік қызметтері, жанар-жағармай материалдары.
6. Әкімшілік үйлер мен ғимараттарды ұстау бойынша көрсетілетін қызметтер (жұмыстар):
 - 1) ішкі үйлер мен ғимараттардың қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты таза ұстау;
 - 2) ғимаратқа жапсарлас аумақты абаттандыру және көгалдандыру және ғимарат ішіндегі жасыл желекті күту;
 - 3) үйлердің ішкі үй-жайларын, ғимараттардың және оған жапсарлас аумақты санитарлық өңдеу, ғимаратқа жапсарлас аумақтан қоқыс пен қарды шығару;
 - 4) үйлер мен ғимараттарды күзету, өрт қауіпсіздігін және оған жапсарлас аумақты күзетпен, сигнализациямен және күзеттің басқа құрылғыларымен қамтамасыз ету;
 - 5) сантехникалық, электр монтаждау жұмыстары;
 - 6) лифттерді, кондиционерлерді техникалық қамтамасыз ету және жөндеу.
7. Байланыс қызметтері (оның ішінде интернет, спутник, телефон байланысы, ұялы байланыс, пошта байланысы).
8. Ақпараттық жүйелерге ілеспе қызмет көрсету бойынша қызметтер.
9. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру қызметтері.
10. Серверлік бөлмелерде өрт сөндіру және салқындату жүйелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер.
11. Аппараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер.
12. Үйлерді, үй-жайларды және (немесе) ғимараттарды жалдау бойынша қызметтер.
13. Жалға алынатын үйлерді, үй-жайларды және (немесе) ғимараттарды жалдау қызметтері.
14. Қызметтік және арнайы автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер.
15. Ұйымдастырушылық техникаға арналған шығыс материалдары және картридждерді толтыру бойынша қызметтер.
16. Объектілерді күзету бойынша қызметтер.
17. Рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландыруды ұйымдастыру және жүргізу.»
 - Қағидаларға 12-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:



«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына
12-қосымша

Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

1. Төсек жаймаларының барлық атаулары, көрпе, матрастар, жамылғы, жастықтар, сүлгі, майлықтар, жастық тыстары, матрасқа арналған тыстар.
2. Мақтадан жасалған күртеше, мақтадан жасалған жылы шалбар, жылуды сақтайтын костюм, жылы шолақ комбинезон, жылы кеудеше, жылы күртеше, бүркемеленген далалық костюм, шалбар, мақта-матадан жасалған жұмыс костюмі, мақта-матадан жасалған далалық костюм, бүркемеленген далалық күртеше, дәнекерлеуші костюм, аккумуляторшының костюмі, жұмыс комбинезоны, аспаз костюмі, наубайшы костюмі, қалпақтар.
3. Халаттар, алжапқыштар, бірегей нысанды киім, сигналдық кеудеше, хирургиялық костюмдер, мақта-матадан жасалған бахилалар, өндірістік және шаруашылық персоналдың нысанды киімі, көрпе, ішкі жейделер, жейделер, үшкіл орамалдар, жаға астары, қолғаптар, шымылдықтар.
4. Құжат тігілетін папкалар, конверттер, қағазға арналған папкалар, сызғыштар.
5. Банкноттық және монеталық өнімге арналған арнайы орауларды қоспағанда, орайтын қораптар, мұрағат қораптары.
6. Ағаш бұйымдары.
7. Абаттандыру, көгалдандыру.»
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының⁴ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

⁴ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 29 маусымда № 34671 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 28 маусым № 33

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы 2024 жылғы 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 2-тармағының он тоғызыншы, жиырмамыншы және жиырма бірінші абзацтарын қоспағанда, 2024 жылғы 30 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 17 шілдеде № 34746 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 5 шілде № 37

«Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 230 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:



1. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 230 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16120 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**»;
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларында:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.
2. Қағидаларда банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау қызметін жүзеге асырған жағдайда, бағалы металдардан жасалған монеталардан басқа, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау жөніндегі операцияларды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары (бұдан әрі – Ұлттық Банк филиалдары), екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, Ұлттық пошта операторы және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – уәкілетті банктер) түпнұсқалығы мен төлемділігін айқындағаннан кейін олармен жекелеген операцияларды жүргізу тәртібі белгіленеді»;
 - 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «10. Мынадай ақаулары бар:
 - 1) бояғыш заттар төгілген;
 - 2) бөгде жазбалары бар, оның ішінде:
 - ультрақұлгін жарықты түсірген кезде көрінетін, арнайы химиялық ұнтақпен өңделген;
 - машинамен оқылатын белгілерді көрсетпейтін;
 - 3) жыртылған, желімденген немесе желімденбеген бөліктері сөзсіз бір банкноттікі болып табылатын және бірге Ұлттық Банк белгілеген банкнот өлшемінің кемінде 70%-ын (жетпіс пайызын) құрайтын банкноттар;
 - 4) бұрышынан немесе шетінен өлшемінің 1%-нан (бір пайызынан) астамын жоғалтқан, бірақ Ұлттық Банк белгілеген банкнот өлшемінің кемінде 70%-ын (жетпіс пайызын) сақтап қалған;
 - 5) түссіз жабысқақ лентамен желімденген жыртығы бар;
 - 6) банкноттағы тесіктердің болуы оны айналыстан шығару үшін тесілгенін білдіретін жағдайларды қоспағанда, диаметрі 3 (үш) және одан астам миллиметр болатын ойықтары, тесіктері және жыртықтары бар;
 - 7) банкнот бейнесі жойылуына әкеп соқтырған сырылу белгілері бар;
 - 8) от шалған және күйген, бірақ Ұлттық Банк белгілеген банкнот өлшемінің кемінде 70%-ын (жетпіс пайызын) сақтап қалған;
 - 9) банкнот бейнесі мен ашықтығы төмендеуіне әкеп соқтырған, бет және (немесе) сырт жақтары кірлеген банкноттар тозған банкноттар болып табылады. Кірлеу дегеніміз шаңның, кірдің, майдың және басқа да ластағыш заттардың болуы салдарынан беті қарайған банкноттардың жай-күйі;
 - 10) үлбіреген және қағаздың қаттылығы жойылған;
 - 11) банкноттарды сақтау және қауіпсіз тасымалдауға арналған құрылғыларда пайдаланылатын арнайы бояумен боялған банкноттар тозған банкноттар болып табылады.»;
 - 25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «25. Ұлттық Банк белгілеген өлшемнің 50% (елу) және одан да көп пайызынан айырылған банкноттар, «ҮЛГІ», «ОБРАЗЕЦ», «SPECIMEN», «МУЛЯЖ» деген жазуы бар банкноттар, сондай-ақ түпнұсқалық банкноттардың фрагменті бар және кесілген банкноттар төлемге жарамсыз болып табылады.»;
 - 32-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «32. Ұлттық Банк филиалының, уәкілетті банктердің касса қызметкерлері бүлінген банкноттардың сақталған көлемін анықтаған кезде торларды (Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-қосымшалар) пайдаланады.»;
 - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы қаулыға 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес редакциядағы тиісінше 10, 11, 12 және 13-қосымшалармен толықтырылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны⁵ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 16 шілдеде № 34738 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 5 шілде № 41

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- тақырып мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы»;
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу



⁵ «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 230 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары бекітілсін.»;

- көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):
- тақырып мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары»;
- 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк), оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның мыналарды:»;
- 2-тармақта:
- 18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «18) тапсырыс беруші – бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары арқылы Ұлттық Банк, сондай-ақ Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;»;
- тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «22) Ұлттық Банктің ұйымдары – Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар;»;
- Қағидаларға 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің, оның ведомстволарының,
оның құрылымына кіретін ұйымдардың
және дауыс беретін акцияларының
(жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және
одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік
басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы
нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және
қадағалау жөніндегі уәкілетті органның
тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі қағидаларына
1-қосымша»;
- Қағидаларға 1-1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің, оның ведомстволарының,
оның құрылымына кіретін ұйымдардың
және дауыс беретін акцияларының
(жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және
одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік
басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы
мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау



жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 1-1-қосымша»;

- *Қағидаларға 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:*

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 2-қосымша»;
- *Қағидаларға 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:*

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 3-қосымша»;
- *Қағидаларға 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:*

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 4-қосымша»;
- *Қағидаларға 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:*

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы



ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 5-қосымша»;

- Қағидаларға 6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 6-қосымша»;
- Қағидаларға 8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 8-қосымша»;
- Қағидаларға 9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 9-қосымша»;
- Қағидаларға 10-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның



сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 10-қосымша»;

- Қағидаларға 11-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 11-қосымша»;
- Қағидаларға 12-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 12-қосымша»;

Қағидаларға 13-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 13-қосымша».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;



- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
 4. Осы қаулы 2024 жылғы 5 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 22 шілдеде № 34772 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 16 шілде № 43

Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының қызметін жүзеге асыру және оның қызметіне қатысатын тұлғалармен өзара іс-қимыл тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-1-бабы 3-тармағының бірінші бөлігіне, 6, 8 және 10-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының қызметін жүзеге асыру және оның қызметіне қатысатын тұлғалармен өзара іс-қимыл тәртібіне қойылатын талаптар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы 2024 жылғы 22 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 19 тамыз № 45

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 718-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 39-бабының 7-тармағына және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 1-тармағына сәйкес, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлері:
 - екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар беретін банк қарыздары бойынша – кепілсіз банк қарыздары бойынша 46 (қырық алты) пайыз; кепілмен қамтамасыз етілген банк қарыздары бойынша 35 (отыз бес) пайыз; ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша 25 (жиырма бес) пайыз;
 - микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар беретін микрокредиттер бойынша – 46 (қырық алты) пайыз;
 - микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде беретін микрокредиттер бойынша күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан аз, бірақ 179 (бір жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспайтын мөлшерде болып айқындалсын.
 - Микрокредиттер «Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде шарттың мазмұнына, ресімделуіне және микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төленетін сома, микрокредит мәні) туралы ақпаратты қамтитын оның бірінші бетіне, микрокредит беру туралы шарттың міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19697 болып тіркелген) көзделген талаптарға сәйкес келген кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің төртінші абзацында көзделген мөлшерлеменен беріледі.
 - Банктік қарыз шартын, микрокредит беру туралы шартты жасасу, банктік қарыз, микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгерту және (немесе) банктік қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты жаңа комиссиялар мен өзге де төлемдерді өзгерту немесе енгізу күнгі жағдай бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі осы тармақта айқындалған шекті мөлшерден аспауға тиіс.
- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бірлескен қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы бірлескен қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- Осы бірлескен қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарына жүктелсін.



4. Осы бірлескен қаулы 2024 жылғы 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 28 тамызда № 34986 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 22 тамыз № 48

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
- Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1 және 2-тармақтарын, Тізбенің 3-тармағының елу тоғызыншы абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
- Осы қаулы⁶ қолданысқа енгізілген күннен бастап бейрезидент жеке тұлғалардың осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін есептік нөмірлер берілген, бейрезидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы және бейрезидент инвестициялық портфельді басқарушымен жасалған инвестициялық портфельді басқару бойынша валюталық шарттары Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есептік тіркеуден алынған және есептік нөмірлер тізілімінен шығарылған болып есептеледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



⁶ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 22 тамыз № 49

«Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 224 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 224 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19671 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Мыналар:
 - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептілігінің тізбесі;
 - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындау туралы есептің нысаны;
 - 3) осы қаулыға 2-1-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;
 - 4) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
 - 5) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес жарғылық және меншікті капиталдар туралы, сондай-ақ левередж коэффициенті туралы есептің нысаны;
 - 6) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.»;
 - 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.



4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 27 қыркүйек № 35140 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 23 қыркүйек № 54

«Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- «Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20474 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:
 - 15-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 18-қосымшада:
 - «Банк, банк клиенттері, банктің өнімдері мен көрсететін қызметтері, қолма-қол және қолма-қол ақшасыз операциялар, банк клиенттерінің сыртқы экономикалық келісімшарттары және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде;
 - 32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;
 - «32. 8.1 және 9.1-жолдарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33512 болып тіркелген «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына 12-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректер нысанына сәйкес есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк ұсынатын, есепті кезеңде валютаны репатриациялау мерзімі бұзылған келісімшарттар бойынша бұзушылықтардың жалпы сомасы көрсетіледі.».
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.



5. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 27 қыркүйек № 35131 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 23 қыркүйек № 56

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 30 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 30 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20249 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-тармағы екінші бөлігінің 39) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларында:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-тармағы екінші бөлігінің 39) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 маусымдағы № 112 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегиясына (бұдан әрі – Алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегия) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру тәртібін айқындайды.»;
 - 2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8) балама құралдар – ұзақ мерзімді перспективадағы кірістілікті арттыруға арналған активтердің сыныптары (дамушы нарықтардың акциялары (Emerging Market equities), кірістілігі жоғары облигациялар (High Yield Bonds), абсолюттік кірістілік өнімдері (Absolute Return), хедж-қорлар (Hedge Funds), хедж-қорлардың қорлары (Fund of Hedge Funds) және қорлардың қорлары (Fund of Funds), жеке капитал (Private Equity), жеке борыш (Private Credit), тәуекелі жоғары бағалы қағаздар (Distressed Securities), жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялар (Real Estate), инфрақұрылымдық инвестициялар (Infrastructure), тікелей инвестициялар (Strategic investments and co-investments);»;
 - 3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қағидаларда балама құралдар портфелінің активтерін, сондай-ақ алтынвалюта активтерінің дамушы нарықтары портфелінің активтерін халықаралық қаржы ұйымдарының бағдарламалары шеңберінде сыртқы басқаруға беру тәртібі айқындалмайды.».



2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны⁷ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 27 қыркүйекте № 35149 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 23 қыркүйек № 58

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында:
 - 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. Банк белгілеген нысан бойынша банкке қағаз тасымалдағышта немесе электрондық түрде ұсынылған клиенттің өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде клиент пен банк арасында банктік шот шарты және (немесе) банктік салым шарты (бұдан әрі – банктік қызмет көрсету шарты) жасалған кезде банктік шот ашылады.
 - Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу мақсаты үшін банктік шот шартын жасасқанға дейін ақпараттық өзара әрекеттесу арқылы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган банкке ұсынған жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін және тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) қоса алғанда, ол туралы ақпарат негізінде банктің клиентке жеке сәйкестендіру кодын беруіне рұқсат етіледі. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган жеке тұлғаның келісімімен жеке тұлға туралы ақпаратты ұсынады және ол клиенттің электрондық нысанда жіберілген банктік шотты ашу туралы өтінішіне теңестіріледі. Бұл ретте осы Қағидалардың талаптарына сәйкес банктік қызмет көрсету шарты жасалғаннан кейін ғана осы банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасауға рұқсат етіледі.

⁷ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 30 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



- Тұрғын үй төлемдерін есепке алуға және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Тұрғын үй қатынастары туралы заң) 101-5-бабына сәйкес мақсатта төлемдерді жүзеге асыруға арналған банктік шот банк, клиент – тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылатын қызметкер және қызметкері тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылатын мемлекеттік мекеме арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1727 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 1727 қағидалар) 9-қосымшаға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 49 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерді қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 49 қағидалар) сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 872 қаулысымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 872 қағидалар) 8-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 524 қаулысымен бекітілген Ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 524 қағидалар) 5-қосымшаға сәйкес тұрғын үй төлемдері туралы шарт жасалған кезде ашылады.
- Клиент пен банк арасында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33897 болып тіркелген «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 қаңтардағы № 7 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бірлескен бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес білім беру жинақтау салымы туралы шарт жасалған кезде «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заң) 7-бабына сәйкес білім беру жинақтау салымына арналған банктік шот ашылады.»
- мынадай мазмұндағы 28-5-тармақпен толықтырылсын:
- «28-5. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес берілетін материалдық көмекті есепке жатқызу үшін ағымдағы шотты ашқан кезде материалдық көмекті алушы банкке мыналарды:
- жеке басын куәландыратын құжатты;
- халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның қоныс аударушыларды немесе қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімінің көшірмесін;
- жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарттың көшірмесін ұсынады.»;
- 60 және 61-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «60. Банк өзіне басқа банк берген клиенттердің банктік шоттарын жүргізген кезде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларда банк көрсетілген банктік шоттарға жаңа жеке сәйкестендіру кодтарын береді және Салық кодексінің 24-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен салық органдарына хабарлайды.
- 61. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе банктік шотта тұрған ақшаға тыйым салу Азаматтық кодекстің 740-бабына, «Қазақстан Республикасындағы кедендік бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 125-бабына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 156-бабына, Салық кодексінің 118-бабына, Банктер және банк қызметі туралы заңның 51-бабына, КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабына, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32, 62, 123-баптарына, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 11-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері немесе клиенттің банктік шотында тұрған ақшаға тыйым салу туралы актілері негізінде жүзеге асырылады.»;
- 63-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «4) егер уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабы 11-тармағының екінші бөлігіне сәйкес шығыс операцияларын тоқтата тұруға жол берілмейтін клиенттің банктік шотына ұсынылған жағдайда.».



2. «Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
- көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:
 - 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «14. Салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын уәкілетті органның (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органдары), сот орындаушыларының, аумақтық әділет органдарының (бұдан әрі – әділет органы) инкассолық өкімдерін және қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алуға арналған төлем талаптарын қоспағанда, төлем құжаттарында оларды ішінара орындау туралы талаптарды көрсетуге жол берілмейді.»;
 - 56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «56. Инкассолық өкім ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қою үшін пайдаланылатын төлем құжаты болып табылады. Инкассолық өкімді мемлекеттік кірістер органы, сот орындаушылары және әділет органдары ұсынады.
 - Сот орындаушылары және әділет органдары инкассолық өкімді Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және атқарушылық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып қағаз тасымалдағышта не атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған жүйесі арқылы электрондық нысанда ақша жөнелтушінің банкіне ұсынады. Бұл ретте әділет органдарының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған инкассолық өкімдері (бұдан әрі – әділет органының инкассолық өкімі) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) айқындалған тәртіппен электрондық түрде ғана жіберіледі. Қағаз тасымалдағышта жасалған инкассолық өкімдер, сондай-ақ мемлекеттік сот орындаушысы не жеке сот орындаушысы қағаз тасымалдағышта ұсынатын атқарушылық құжаттардың көшірмелері атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық бөлімінің не жеке сот орындаушысының мөрімен расталады.
 - Егер атқарушылық құжаттың мәтінінде өзгеше белгіленбесе, ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақша алып қояудың негізділігін растайтын атқарушылық құжат банкке бір ғана инкассолық өкімді ұсынуға негіз болып табылады.
 - Мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдері Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағышта немесе электрондық нысанда телекоммуникациялар желісі арқылы беру жолымен ұсынылады. Мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдері осы өндіріп алудың негізділігін растайтын құжаттарды берусіз ұсынылады. Электрондық нысандағы инкассолық өкім Салық кодексінің 122-бабының 6-тармағына сәйкес жіберіледі.»;
 - 59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «59. Инкассолық өкімде төлемнің белгіленуі және ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қою (өндіріп алу) құқығын көздейтін Қазақстан Республикасы заңының нормасына сілтеме көрсетіледі.
 - Атқарушылық құжатта көрсетілген төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасы:
 - 1) борышкер борышқа ішінара ақы төлеуді өз бетінше жүргізген және атқарушылық құжатта сот орындаушысының, әділет органының бұл туралы белгісі бар;
 - 2) бір атқару парағының негізінде борышты бірнеше бенефициардың пайдасына ортақ өндіріп алу жүзеге асырылатын;
 - 3) сот орындаушысының, әділет органының қаулысымен мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжат бойынша берешек айқындалған жағдайларды қоспағанда, инкассолық өкімде көрсетілген сомаға сәйкес келеді.»;
 - 61-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «61. Сот орындаушысының, әділет органының инкассолық өкімі ұсынылған банктік шотта ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде ақшаны өндіріп алу борышкердің теңгедегі не шетел валютасындағы басқа банктік шотынан (шоттарынан) жүргізіледі. Банк сот орындаушысының, әділет органының инкассолық өкімін инкассолық өкім ұсынылған банктік шоттан өзгеше клиенттің басқа банктік шотынан (шоттарынан) орындаған кезде банк жүйесінде инкассолық өкімді қалыптастырады, онда ақшаны алып қою жүзеге асырылатын банктік шоттың нөмірі көрсетіледі.»;



- 61-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «61-1. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес орындалатын халықаралық, шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдері бойынша берілген атқару құжаттары бойынша инкассолық өкімде ақша сомасы жеке сот орындаушысының, әділет органының атқару құжатының валютасында көрсетіледі.
- Сот орындаушысы шетел валютасында ұсынған инкассолық өкімді орындау Қағидалардың б1-тармағында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.»;
- 72-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- «Ақша жөнелтушінің банк шотында ақша жеткіліксіз болған кезде мемлекеттік кірістер органдарының салық берешегін өндіру алу туралы, сот орындаушыларының және әділет органдарының атқарушылық құжаттар бойынша инкассолық өкімін, сондай-ақ қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін ұсынылған төлем талабын орындау ақша түсуіне қарай, ақша осындай шотқа келіп түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.»;
- 76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «76. Салық кодексінің 122 және 123-баптарында, Кеден кодексінің 129 және 130-баптарында, Әлеуметтік кодекстің 256-бабында, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 36-бабында, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 58-бабында, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және (немесе) банктік шот шартында көзделген жағдайларда банк ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруды банк орындау үшін қабылдаған төлем құжаты не ақша жөнелтушінің келісімінсіз орындалатын төлем құжаты негізінде жүргізеді.»;
- 80-тармақта:
- 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «7) мыналарды:
- басқа деректемелер (ЖСК, ЖСН (БСН) банктің клиентін сәйкестендірсе, мемлекеттік кірістер органы ұсынған инкассолық өкімді,
- Қағидалардың 150-тармағының талаптарына сәйкес банктің клиентін сәйкестендіру кезіндегі сот орындаушысының, әділет органының инкассолық өкімін,
- Қағидалардың 124-тармағының талаптарына сәйкес банктің клиентін сәйкестендіру кезінде екінші деңгейдегі банк ұсынған төлем талабын қоспағанда, клиенттің атауы төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің атауына сәйкес келмеген;»;
- 14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «14) Азаматтық кодекстің 741-бабына, Банктер және банк қызметі туралы заңның 36-бабына, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабына, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 58 және 98-баптарына сәйкес осындай өндіріп алуға шектеулер болған кезде банктік шоттардан ақша өндіріп алу туралы талап қойылған;»;
- 81-тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
- «3) төлем құжатында көрсетілген бенефициардың ЖСК, ЖСН (БСН) бенефициар банкіндегі бенефициардың ЖСК, ЖСН (БСН) сәйкес келмеген, бенефициар банкінде бенефициардың ЖСК болмаған;
- 4) егер есептейтін ақша сомасы ағымдағы шотты ашу мақсаты мен шарттарына байланысты емес болған жағдайда, Азаматтық кодекстің 741-бабы екінші бөлігінің 1), 2), 2-1), 2-3), 3), 4), 5-1), 5-2), 5-3), 7), 7-1), 8), 9) тармақшаларында көзделген мақсатқа ашылған ағымдағы шотқа ақшаны есептеген;»;
- 90-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «3) банктік шоттағы ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның, сот орындаушысының немесе әділет органының шешімі, немесе уәкілетті мемлекеттік органның ақша жөнелтушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі, уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы, мәмілелерді жасауды және мүлікпен байланысты өзге де операцияларды жүргізуді тоқтата тұру шешімі;»;
- 124-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «124. Ақша жөнелтушінің банкі төлем талаптарының деректемелерін Қағидаларға сәйкес бенефициардың төлем талабын ұсынғанын растайтын құжаттардағы деректемелерге сәйкес келуін және ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға келісімі болуына тексереді. Сәйкес келмеушіліктер анықталған кезде ақша жөнелтушінің банкі төлем құжатын ұсынған күннен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей бас тарту себебін көрсете отырып, бенефициардың төлем талабын орындаудан бас тартады.
- Егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, жеке тұлғаға немесе дара кәсіпкерге ашылған банктік шотқа ұсынылған төлем талабы ақша жөнелтушінің ЖСН сәйкес келген кезде осы жеке тұлғаға және (немесе) дара кәсіпкерге ашылған кез келген банктік шоттан орындалады.»;



- 132-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:
- «Егер осы жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, жеке тұлғаға немесе дара кәсіпкерге ашылған шоттар бойынша банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтамалар ақша жөнелтушінің ЖСН бірдей болған кезде, шот (шоттар) иесі қарыз алушысы, кепілгері, кепілдеме берушісі, лизинг алушысы немесе кепіл берушісі болып табылатын банкке беріледі.»;
- 134-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «134. Егер клиентке Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкес өндіріп алуға, тыйым салуға, шығыс операцияларын тоқтата тұруға, мүлікке билік етуге уақытша шектеуге, мәмілелер жасауға және мүлікпен өзге де операциялар жасауға шектеулер қоюға жол берілмейтін банктік шот ашылған болса, бұл туралы мәліметтер клиенттің банктік шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтамаларда да көрсетіледі.»;
- 137 және 137-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «137. Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотына қарыз шарты бойынша ұсынылған төлем талабын бастапқы орындау ағымдағы шотта немесе бір банкте ашылған ағымдағы шоттарда жиынтығында республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен (бұдан әрі – ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшері) кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, ағымдағы шоттағы ақша сомасының елу пайызы шегінде жүргізіледі.
- Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотында немесе бір банкте ашылған ағымдағы шоттарында жиынтығында ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем сома болса, төлем талабын орындау жүргізілмейді.
- Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотындағы ақша сомасының елу пайызынан аспайтын мөлшердегі сомаға ағымдағы шотта немесе бір банкте ашылған ағымдағы шоттарда жиынтығында ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерін қамтамасыз етуді ескере отырып төлем талабы ұсынылған кезде, бұл төлем талабы онда көрсетілген сомада орындалады.
- 137-1. Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотынан төлем талабын орындау кезінде ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем емес соманы банк айына бір рет қамтамасыз етеді егер оны және жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкер пайдаланбаса, жаңа күнтізбелік айға өтеді.»;
- 138, 138-1, 138-2 және 139-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «138. Заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден ағымдағы шотқа ақша келіп түскен кезде ішінара орындалған төлем талабын кейіннен орындау ағымдағы шотта немесе бір банкте ашылған ағымдағы шоттарда жиынтығында ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотына әрбір келіп түскен ақша сомасының елу пайызы шегінде жүргізіледі.
- Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары жеке тұлғадан ақша келіп түскен кезде төлем талабын орындауға қолданылмайды.
- Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарды ескере отырып ағымдағы шотқа заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден келіп түсетін ақша сомасынан елу пайыз мөлшеріндегі сома ішінара орындалған төлем тапсырмасы бойынша қалдық сомасынан асып кеткен жағдайда, жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкер – ақша жөнелтушінің ағымдағы шотынан ақшаны есептен шығару осы төлем талабын орындау үшін жеткілікті сома шегінде жүргізіледі.
- 138-1. Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің басқа ағымдағы шотындағы ақша және (немесе) заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден оның басқа ағымдағы шотына түсетін ақша есебінен ішінара орындалған төлем талабын ағымдағы шотта немесе ағымдағы шоттарда жиынтығында ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, елу пайыз шегінде орындауға жол беріледі.
- 138-2. Уәкілетті мемлекеттік органның немесе клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу құқығы бар тұлғаның шешімі, сондай-ақ банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның шешімі болған кезде төлем талабы ағымдағы шоттағы ақша сомасының елу пайызы шегінде орындалады. Бұл ретте ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем емес сома – ақшаға билік етуге шектеу қойылған ақша сомасынан асатын ақша сомасы есебінен қамтамасыз етіледі.



- Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдер кері қайтарылып алынған жағдайда, ағымдағы шотта немесе бір банкте ашылған ағымдағы шоттарда жиынтығында ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем емес ақша сомасын қамтамасыз етуді ескере отырып, бұрын ақшаға билік етуге шектеу қойылған ақша сомасының елу пайызы шегінде төлем талабын орындауға жол беріледі.
- 139. Егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің ағымдағы шотына бірнеше төлем талабы ұсынылған кезде олар банкке келіп түсу тәртібіне қарай күнтізбелік кезектілікпен не олардың тізілімде көрсетілген реттік нөмірлеріне сәйкес орындалады.
- Кезекті төлем талабын орындау алдыңғы төлем талабы толық орындалғаннан кейін не Қағидаларда айқындалған тәртіппен алдыңғы төлем талабы кері қайтарылған немесе қайтарылған соң ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте кезекті төлем талабын орындау алдыңғы төлем талабын орындау сәтінде ағымдағы шотта болған ақша сомасының (алдыңғы төлем талабын орындағаннан кейінгі ақша қалдығының) және ағымдағы шотта немесе бір банкте ашылған ағымдағы шоттарда жиынтығында ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, кейіннен ағымдағы шотқа заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден келіп түсетін ақшаның әрбір сомасының елу пайызы шегінде жүргізіледі.»;
- 142-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «142. Ақша жөнелтушінің банкі инкассолық өкімде көрсетілген деректемелердің инкассолық өкімді ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес толтырудың толықтығы мен дұрыстығын тексереді және олар сәйкес келген кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және Қағидаларда белгіленген мерзімдерде ақша жөнелтушінің банктік шотын дебеттеу жолымен мемлекеттік кірістер органдарының, сот орындаушысының, әділет органдарының инкассолық өкімін орындайды.»;
- 145-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «1) уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның, инкассолық өкімді ұсынған не атқарушылық іс жүргізу берілген сот орындаушысының, әділет органының шешімі бойынша;»;
- 151-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «151. Қағидалардың 150-тармағының талаптарын ескере отырып, сот орындаушыларының, әділет органдарының инкассолық өкімі, егер қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға ақша жөнелтуші, банк шотының иесі, борышкер болып табылса, орындау құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің, банк шоты иесінің және борышкердің атаулары сәйкес келмеген жағдайда, ақша жөнелтушінің ЖСН сәйкес келсе, орындалады.»;
- 157-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- «157. Ақша жөнелтушіде салық берешегін өндіріп алуға мемлекеттік кірістер органының, сот орындаушыларының, әділет органдарының инкассолық өкімдерін орындау үшін қажетті ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде, банк ақша жөнелтушінің пайдасына банктің ақшаны қабылдауына қарай инкассолық өкімнің ішінара орындалуын жүргізеді.»;
- 171-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «171. Ақша жөнелтушінің банктік шотындағы ақшаға клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, сот орындаушыларының немесе әділет органдарының тиісті шешімдерінің негізінде тыйым салу, банктік шоттардағы ақшаға (мүлікке) иелік етуге уақытша шектеу қою, сондай-ақ банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тиісті шешімдері негізінде ақша жөнелтушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Азаматтық кодекстің 740-бабында, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабында, Салық кодексінің 118-бабында, Кеден кодексінің 125-бабында, Банктер және банк қызметі туралы заңның 51-бабында және Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 62, 123-баптарында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.»;
- 173-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «173. Банк уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, сот орындаушыларының немесе әділет органдарының банктік шотта тұрған ақшаға тыйым салу туралы келіп түсетін шешімдерін, уәкілетті мемлекеттік органдардың банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін клиенттің онда көрсетілген деректемелерінің банк клиентінің деректемелеріне (атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ЖСН (БСН) және ЖСК) сәйкестігін тексереді.
- Көрсетілген деректемелер сәйкес келмеген жағдайда, банк операциялық үш күннің ішінде бастамашыларға уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, сот орындаушыларының немесе әділет органдарының банктік шотта тұрған ақшаға тыйым салу туралы шешімін, уәкілетті мемлекеттік органдардың банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін орындамастан қайтарады.



- Тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда) ЖСК (ол болған жағдайда), ЖСН сәйкестендіру кезінде жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның онда көрсетілген атауы банк клиентінің атауына (жеке тұлғаның тегіне, атына, әкесінің атына (ол болған жағдайда) немесе өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның атауына) сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті органдардың, лауазымды адамдардың, сот орындаушыларының немесе әділет органдарының шешімдерін және уәкілетті мемлекеттік органдардың осы тармақта көрсетілген шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдерін орындауға жол беріледі.»;
- 175-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «175. Клиенттің банктік шоттарында тұрған ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның, сот орындаушысының немесе әділет органының шешімі шығарылған ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткілікті болған кезде банк көрсетілген шешімді күнтізбелік кезектілік тәртібімен орындайды.»;
- 176-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- «176. Клиенттің банктік шоттарында тұрған ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның, сот орындаушысының, әділет органының шешімі шығарылған ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде банк оларды есепке алады және тыйым салу туралы шешімде көрсетілген қажетті сома жиналғанға дейін шығыс операцияларын тоқтата тұрады.»;
- 177 және 178-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «177. Банк борышкердің банктік шоттарындағы ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның және тұлғалардың шешімін алғаннан кейін операциялық үш күннен кешіктірмей, тыйым салынған ақша сомасын көрсете отырып, тыйым салу туралы шешімнің толық немесе ішінара орындалғандығы туралы не көрсетілген шешімнің орындауға қабылданғаны, сондай-ақ бұрын орындауға қабылданған уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тыйым салу туралы шешімдері не шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері туралы тиісті органдарды хабардар етеді.
- Банк сот орындаушысының не әділет органының банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы қаулысын алған күннен бастап үш операциялық күннен кешіктірмей сот орындаушысын не әділет органын тыйым салынған ақша сомасын көрсете отырып, оның толық не ішінара орындалғаны не қаулының орындауға қабылданғаны туралы хабардар етеді, қаулы аясында талап етілетін ақпаратты Банктер туралы заңның 50-бабында белгіленген тәртіпте жолдайды және уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың қолда бар тыйым салу туралы шешімдері не шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері туралы хабардар етеді.
- 178. Уәкілетті органның, лауазымды адамның, сот орындаушысының немесе әділет органының тиісті шешімдерінің негізінде банктік шоттағы ақшаға тыйым салынған және кейіннен атқарушылық құжаттарды қоса бере отырып инкассольдік өкімді берген жағдайда ақша жөнелтушінің банкі тыйым салынған ақшаны пайдалана отырып мынадай талаптар болған кезде:
 - 1) Қағидалардың 151-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның, лауазымды адамның, сот орындаушысының немесе әділет органының тыйым салу туралы шешімдерінде көрсетілген ақша жөнелтушінің деректемелері (атауы және ЖСН (БСН) соның негізінде инкассольдік өкім берілген атқарушылық құжаттарда көрсетілген деректемелермен сәйкес келген кезде;
 - 2) атқарушылық құжат және уәкілетті органның, лауазымды адамның, сот орындаушысының немесе әділет органының тыйым салу туралы шешімі бір істің аясында берілген кезде осындай инкассольдік өкімді орындайды.
- Егер инкассольдік өкімнің негізінде ақшаны өндіріп алу толық көлемде жүргізілсе, ол бойынша инкассольдік өкім орындалған бір істің аясында бұрын салынған тыйым алынды деп саналады және тыйым салу туралы қаулы бастамашыға қайтарылуға тиіс.»;
- 185-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «185. Қате төлем бойынша ақшаны қайтаруды бенефициар банкі бенефициардың банктік шотындағы бар ақшаның есебінен, оның ішінде егер банктік шот бойынша уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының немесе әділет органының банктік шотындағы ақшаға тыйым салу және (немесе) банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) белгісіз мерзімдерде орындалуы тиіс орындалмаған нұсқаулар бар болған жағдайда жүзеге асырады.»;
- 197-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «197. Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейінгі сот орындаушыларының, әділет органдарының инкассольдік өкімі, уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың немесе сот орындаушыларының банктік шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдері, уәкілетті мемлекеттік органдардың жеке тұлғаға немесе өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерге ашылған банктік шотына ұсынылған банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері Қағидалардың 150, 151-тармақтарын және 173-тармағының үшінші бөлігін ескере отырып орындалады.».



3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ интернет-ресурсында орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 11 қарашада № 35352 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 30 қазан № 64

«Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Мыналар:
 - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесі;
 - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептің нысаны;
 - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;
 - 4) осы қаулыға 3-1-қосымшаға сәйкес капиталдың контрциклді буферін есептеу үшін тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;
 - 5) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;
 - 6) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;



- 7) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есептің нысаны;
- 8) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес уақыт аралықтары бойынша ашық позицияларды бөлу (валюталар бөлігінде) туралы есептің нысаны;
- 9) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес жалпы пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есептің нысаны;
- 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің (қарыз алушылар бөлігінде) ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес k4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес k4-1, k4-2, k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес аптаның (айдың) әрбір жұмыс күні үшін әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар және валюталық нетто-позиция туралы есептің нысаны;
- 15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес ішкі активтердің, ішкі және өзге міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;
- 16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес секьюритилендіру кезінде меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерін есептеу туралы есептің нысаны;
- 18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес исламдық банктер ұсынатын кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес исламдық банктер ұсынатын кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес исламдық банктер ұсынатын тауар-материалдық қорлардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелдің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 21) осы қаулыға 20-1-қосымшаға сәйкес өтімділікті өтеу коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 22) осы қаулыға 20-2-қосымшаға сәйкес нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 23) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.»;
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) ай сайын осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 15), 16), 17), 18), 19) және 20) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) ай сайын осы қаулының 1-тармағының 21) және 22) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 3) апта сайын осы қаулының 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген есептілікті – есепті аптадан кейінгі аптаның бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.
 - Есепті аптада күнтізбелік ай аяқталған кезде осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген есептілік аяқталатын айға жататын есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін және аяқталатын айдан кейінгі айдың есепті аптасының күнтізбелік күндері үшін жеке-жеке аяқталатын айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.»;
 - 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын.
- 2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.



3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы 2024 жылғы 1 желтоқсанның бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 11 қарашада № 35355 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 30 қазан № 66

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16922 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларында:
 - 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) айналыстағы монеталар – бағалы емес металдардан жасалған және қолма-қол ақша айналысына арналған монеталар;
 - 2) банкноттар және монеталар – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің Қазақстан Республикасының аумағында заңды төлем құралы болып табылатын ақша белгілері;
 - 3) белгіленген құн – банкноттардың, монеталардың номиналы бойынша құны;
 - 4) инвестициялық монеталар – бағалы металдардан жасалған, инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын монеталар;
 - 5) коллекциялық монеталар – коллекциялау және жинақтау объектісі болып табылатын, бағалы металдардан, сол сияқты бағалы емес металдардан жасалған, шектеулі таралыммен дайындалған мерекелік, естелік және өзге де арнайы соғылған монеталар;
 - 6) құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталар – түрлі материалдардан жеке-жеке жасалған және бір монетаның бірыңғай композициясына өзара біріктірілген екі және одан да көп бөліктен тұратын коллекциялық монеталар;
 - 7) сауда алаңы – инвестициялық монеталарды, оның ішінде бөліктер (үлестер) бойынша сату жүзеге асырылатын онлайн платформа;
 - 8) Ұлттық Банктің интернет-дүкені және (немесе) мобильді қосымшасы – жеке және заңды тұлғалардың Ұлттық Банк шығаратын инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алуға және (немесе) жеткізуге берілген тапсырыстарын орналастыруға, сатып алынатын инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарға ақы төлеуді жүзеге асыруға, сондай-ақ инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алу үшін орналастырылған тапсырыстың жай-күйін қарап көруге арналған Ұлттық Банктің интернет-ресурсының бөлімі;



- 9) Ұлттық Банктің Орталығы – ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын сатуды және сатып алуды жүзеге асыратын Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал);
 - 10) Ұлттық Банктің филиалы – Ұлттық Банктің ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын сатуды және сатып алуды жүзеге асыратын аумақтық филиалы.»;
 - 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «7. Инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатуды және сатып алуды Ұлттық Банктің филиалдары және Ұлттық Банктің Орталығы жүзеге асырады.
 - Инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы да жүзеге асырылады.
 - Инвестициялық монеталарды сату сауда алаңы арқылы да жүзеге асырылады.»;
 - 12-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қағидалардың 10 және 11-тармақтарында көзделген талаптар екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына, Ұлттық пошта операторына және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылмайды.»;
 - 19-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Егер сараптама нәтижелері бойынша бағалы металдардан жасалған бір коллекциялық монетаны сатып алудың есептелген сомасы Қағидалардың 8-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес белгіленген сату бағасынан асып кетсе, онда сатып алу сомасы Қағидалардың 8-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес белгіленген оны сату бағасына тең болады.»;
 - мынадай мазмұндағы 6-тараумен толықтырылсын:
 - «6-тарау. Инвестициялық монеталарды сауда алаңы арқылы сату
 - 24. Ұлттық Банктің инвестициялық монеталарды, оның ішінде инвестициялық монета дайындалған бағалы металдың химиялық таза салмағының грамында айқындалатын бөліктер (үлестер) бойынша сауда алаңы арқылы сатуы Қағидалардың 8-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес айқындалатын сату бағасы бойынша жүзеге асырылады.
 - 25. Жеке және заңды тұлғалардың (олардың өкілдерінің) Ұлттық Банктің филиалында сауда алаңы арқылы сатып алынған инвестициялық монеталарды алуы Ұлттық Банк Басқармасының инвестициялық монеталарды айналысқа шығару туралы қаулысында айқындалған олардың толық салмағын сатып алу (төлеу) шартымен жүзеге асырылады.
 - 26. Ұлттық Банктің инвестициялық монеталарды Ұлттық Банк Басқармасының айналысқа шығару туралы қаулысымен айқындалған олардың толық салмағын сатып алу (төлеу) шартымен жеке және заңды тұлғалардың (олардың өкілдерінің) өтініші бойынша сауда алаңы арқылы сатып алуына жол беріледі.
 - Ұлттық Банктің филиалында жеке және заңды тұлғалар (олардың өкілдері) алған инвестициялық монеталарды Ұлттық Банктің сатып алуы Қағидалардың 4 және 5-тарауларында көзделген тәртіппен жүргізіледі.».
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны⁸ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
 4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



⁸ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 78

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармақта:
 - 10), 11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;
 - 2-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 13), 15), 16) және 19) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;»;
 - 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 9-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 13-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 14-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 16-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19672 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
 - 2-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 12-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 17-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 21-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 25-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 26-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 27-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 32-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 34-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 35-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 36-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 37-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 45-қосымша осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 47-қосымша осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 48-қосымша осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 51-қосымша осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 59-қосымшада:
 - Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттардың, бірыңғай оператордың есептілікті ұсыну қағидалары:
 - мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:



- «8. Филиалы, оның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелгені, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымы болған кезде филиалдарының қызметін ескере отырып, есептілікті ұсынады.».
- 3.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 27 желтоқсанда № 35551 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 79

«Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 және «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 2 наурыздағы № 23 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 1.** «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) ай сайын осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 15), 16), 17), 18), 19) және 20) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) ай сайын осы қаулының 1-тармағының 21) және 22) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;



- 3) апта сайын осы қаулының 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген есептілікті – есепті аптадан кейінгі аптаның бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.
 - Есепті аптада күнтізбелік ай аяқталған кезде осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген есептілік аяқталатын айға жататын есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін және аяқталатын айдан кейінгі айдың есепті аптасының күнтізбелік күндері үшін жеке-жеке аяқталатын айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.
 - Осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) және 22) тармақшаларында көзделген қорытынды айналымдарды қоса, желтоқсан айындағы есептерді (оның ішінде қорытынды айналымдар болмаған кезде) екінші деңгейдегі банктер аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады»;
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-1-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 8-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 10-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 11-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 12-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 13-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 14-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 15-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 16-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 17-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 18-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 19-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 20-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 20-1-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 20-2-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 2.** «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 23 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22321 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) әр апта сайын – осы қаулының 1-тармағы 13) тармақшасында көзделген есептілікті есепті аптадан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.
 - Күнтізбелік ай өткен кезде есепті аптада осы қаулының 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген есептілік өткен күнтізбелік айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей өткен күнтізбелік айға қатысты есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін және ағымдағы күнтізбелік айға қатысты есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін бөлек ұсынылады;
 - 2) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде;
 - 3) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 18) және 19) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде ұсынады.
 - Осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) және 19) тармақшаларында көзделген, қорытынды айналымдар ескерілген желтоқсан айының есептерін (оның ішінде қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады»;
 - 2-қосымша осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;



- 6 қосымша осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 8-қосымша осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 9-қосымша осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 10-қосымша осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 11-қосымша осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 12-қосымша осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 13-қосымша осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 14-қосымша осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 15-қосымша осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 16-қосымша осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 17-қосымша осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 18-қосымша осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 19-қосымша осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 3.** Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындаулы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 5.** Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 28 желтоқсанда № 35565 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 80

«Банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 315 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 1.** «Банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну



қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 315 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14832 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Мыналар:
- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің лауазымды тұлғалары туралы есептің нысаны;
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі және сақтандыру холдингі қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы есептің нысаны;
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушылары (акционерлері) туралы есептің, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысын, банк холдингін, сақтандыру холдингін бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтердің нысаны;
- 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес байланысты тұлғалармен, оның ішінде үлестес тұлғалармен есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы мәмілелер туралы есептің және байланысты тұлғалар, оның ішінде үлестес тұлғалар тізілімінің нысаны;
- 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау жөніндегі жұмыс кестелерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
- 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес шоғырландырылған және шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің нысаны және оған түсіндірме жазба;
- 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды немесе жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысына, банк холдингіне, сақтандыру холдингіне тиесілі екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары санының және (немесе) пайыздық арақатынасының, сондай-ақ акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздерінің өзгеруі туралы есептің нысаны;
- 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес сақтандыру тобына қатысушылардың сақтандыру тобы меншікті капиталының он және одан көп пайызы болатын, есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы, үшінші тұлғалар (тұлғалар тобы) алдындағы барлық міндеттемелері туралы есептің нысаны;
- 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы сақтандыру тобының топ ішіндегі мәмілелері туралы есептің нысаны;
- 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымға берілген талап ету құқықтары туралы есептің нысаны;
- 14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымға күмәнді және үмітсіз актив ретінде берілген мүлік және дербес сатып алынған мүлік туралы есептің нысаны;
- 15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес кепілге қойылған мүлікті өндіріп алу нәтижесінде бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымның меншігіне өткен мүлік туралы есептің нысаны;
- 16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес Екінші деңгейдегі банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушыларының, екінші деңгейдегі банктердің есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.;
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «2. Екінші деңгейдегі банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта мынадай есептілікті:



- 1) екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген есептілікті жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күннен кешіктірмей;
- 2) екінші деңгейдегі банктің ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді немесе банк холдингін қоспағанда, екінші деңгейдегі банктің Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын банк холдингі:
 - осы қаулының 1-тармағының 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
 - осы қаулының 1-тармағының 6) тармақшасында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей;
- 3) сақтандыру холдингі мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді, сондай-ақ сақтандыру холдингі мәртебесі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
- 4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті – жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
- 5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі мәртебесі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру холдингі болмаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
- 6) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті:
 - тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
 - жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
- 7) банк конгломератының құрамына кіретін банк холдингі, банк холдингі жоқ екінші деңгейдегі банк, сақтандыру тобының құрамына кіретін сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген есептілікті:
 - тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей;
 - жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей;
- 8) екінші деңгейдегі банктің Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын банк холдингі, банк холдингі жоқ, банк конгломератының құрамына кіретін екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру холдингі, екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде:
 - тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей;
 - жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей;
 - шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бөлігінде:
 - тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
 - жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей;
- 9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру холдингі болмаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға-резидент болып табылатын ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бөлігінде:
 - тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;
 - жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күннен кешіктірмей;
- 10) екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды немесе жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген есептілікті оған тиесілі акциялардың санын және (немесе) пайыздық арақатынасын өзгерту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;



- 11) сақтандыру тобының құрамына кіретін сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 11) және 12) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей;
 - 12) екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру холдингі жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік 150 (бір жүз елу) күннен кешіктірмей – шоғырландырылған, бар болса – шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық ұйым растаған мемлекеттік немесе орыс тілдерінде оған түсіндірме жазбаны ұсынады.
 - Түсіндірме жазба өзі орналасқан елдің тиісті қадағалау органының талаптарына сәйкес жасалады;
 - 13) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк холдингі осы қаулының 1-тармағының б) тармақшасында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей ұсынады.
 - 14) бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымы бар екінші деңгейдегі банктер осы қаулының 1-тармағының 13), 14) және 15) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей ұсынады.»;
 - 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 13-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы қаулыға 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес 14, 15 және 16-қосымшалармен толықтырылсын.
- 2.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 28 желтоқсанда № 35561 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 81 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына сақтандыру нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының және исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19701 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 8-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - 1-тармақта:
 - мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:
 - «25-1) осы қаулыға 25-1-қосымшаға сәйкес жүктелген сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша жасалған шарттар бойынша есеп нысаны;»;
 - 43) тармақша алынып тасталсын;
 - 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.
3. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы қаулының 4-тармағында көзделген есептілікке қосымша осы қаулының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.
4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 12), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 22), 25) және 25-1) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 26) тармақшасында көзделген есептілікті:
 - 1-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 2-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 3) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 23), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36) және 37) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;



- 4) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 13), 21), 38), 39) және 40) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 5) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 41) тармақшасында көзделген есептілікті қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.»;
 - 5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 12) және 42) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ;»;
 - 1-қосымшада:
 - мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:
 - «24-1) жүктелген сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша жасалған шарттар бойынша есеп;»;
 - 42) тармақша алынып тасталсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 10-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 11-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 13-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 15-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 16-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 18-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 19-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 20-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 21-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 23-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 25-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 25-1-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 26-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 30-қосымша осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 31-қосымша осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 32-қосымша осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 34-қосымша осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 39-қосымша осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 44-қосымша осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 3.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 27 желтоқсанда № 35554 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 82

«Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10117 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармақтың 4), 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есептің нысаны;
 - 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес басқа да сыныпталатын активтер және ірі дебиторлар туралы есептің нысаны;
 - 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есептің нысаны;»;
 - 1-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;»;
 - 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Ипотекалық ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) осы қаулының 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген есептілікті:басқа да сыныпталатын активтер туралы мәліметтер бөлігінде – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігінде – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей ұсынады.
- 3. Ұлттық пошта операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) осы қаулының 1-тармағының 2) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;
 - 2) осы қаулының 1-тармағының 3), 4), 8) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;
 - 3) осы қаулының 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген есептілікті – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;
 - 4) осы қаулының 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген есептілікті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың отызынан кешіктірмей ұсынады.»;
- 4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «4-1. Дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын электрондық форматта:
 - 1) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;



- 2) осы қаулының 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген есептілікті;
- басқа да сыныпталатын активтер туралы мәліметтер бөлігінде – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;
- ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігінде – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей ұсынады.»;
- 4-4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «4-4. Мыналарда:
- 1) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген желтоқсан айының қосымша есептерін (қорытынды айналымдар ескерілген) (есепті айда айналымдар болған кезде) ипотекалық ұйымдар аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;
- 2) осы қаулының 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген желтоқсан айының қосымша есептері (қорытынды айналымдар ескерілген)
- басқа да сыныпталатын активтер туралы мәліметтер бөлігінде – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей (есепті айда айналымдар болған кезде) ұсынылады.
- Ұлттық пошта операторы осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдар ескерілген) (оның ішінде есепті айда қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады.
- Ұлттық пошта операторы осы қаулының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген төртінші тоқсандағы қосымша есептерді (қорытынды айналымдар ескерілген) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады.
- 5. Осы қаулы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамына, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» акционерлік қоғамына және сауда-саттықты ұйымдастырушыға қолданылмайды.».
- 6. Осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы қаулысының күші жойылды деп танылсын»;
- 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 8-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 9-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 10-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 11-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 12-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 13-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылған қаулыларының тізбесі» деген 13-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 178 қаулысына
14-қосымша».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.



4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 28 желтоқсан № 35559 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРІНІҢ БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ МЕН БҰЙРЫҒЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 83

«Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ**:

1. «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33512 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін:
 - 1) Қағидалардың 4-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
 - «4. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер экспортының немесе импортының күні:
 - 1) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы өткізген кезде – тауарларға арналған декларацияда көрсетілген, тауардың экспорт немесе импорт ретінде сыртқы сауданың кедендік статистикасында есепке алынатын кеден рәсімі болып орналастырылғанын растайтын, тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратта Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі көрсетілген тауарларды шығару күні;
 - 2) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағының ішінде өткізген кезде:
 - импорт үшін – тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген тауарды есепке қабылдаған күні;
 - экспорт үшін – шот-фактураның тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген күні;
 - 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайларда:
 - тауарларды уақытша әкелу (әкету) туралы хабарламада көрсетілген күн немесе алыс-беріс шикізатын есепке алу күні;
 - қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеменің орындалуы туралы есепте көрсетілген күні;



- шет мемлекеттің тауарларына арналған декларацияда тауарлардың шығарылғанын, тауарлардың берілуін, жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы нақты өткізбестен немесе Қазақстан Республикасының аумағынан (аумағына) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына (аумағынан) өткізбестен жасалғанын растайтын құжаттарға қол қойылған (қабылданған) күн;
- нақты берілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін шот-фактураның, инвойстың берілген күні немесе нақты орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін электрондық шот-фактураны жазып берген күн;
- жұмыстардың орындалғанын, қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжаттарға қол қоюды (қабылдауды) және нақты орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін шот-фактура, инвойс беруді көздемейтін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындаудың басталған күні болып табылады.»;
- 2) Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақшаның қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «2) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасында есепке алынатын кеден рәсімдерінің бірі болып орналастырылған, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратта Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі көрсетілген тауарлар болып табылады.»;
- 3) Қағидалардың 24-тармағының екінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген сұратуды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңа есептік тіркеу банкіне Ұлттық Банкте бар мынадай:
- 1) Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың қозғалысы туралы;
- 2) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы;
- 3) Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініштер бойынша ақпарат жібереді.»;
- 4) Қағидалардың 37, 38 және 39-тармақтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «37. Мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банкке экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі бөлінісінде Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) күніне дейінгі мерзімде ай сайын жібереді.
- Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктерге және есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарына жібереді.
- 38. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан алынған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі негізінде Ұлттық Банкке Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға электрондық сұратуды (бұдан әрі – электрондық сұрату) ақпараттық жүйе арқылы жібереді.
- Ұлттық Банк валюталық шарттың есептік нөмірі бойынша мәліметтерді қоспағанда, ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік кірістер органына есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан алынған электрондық сұратуды қайта жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органы электрондық сұратуды алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке ақпараттық жүйе арқылы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпарат береді.
- Ұлттық Банк ақпараттық жүйе арқылы есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке немесе электрондық сұратуға бастамашылық жасаған есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініш бойынша мемлекеттік кірістер органынан алынған ақпаратты осындай ақпаратты алған күні береді.
- Мемлекеттік кірістер органы ақпараттық жүйе арқылы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш бойынша бұрын мемлекеттік кірістер



органы жіберген ақпарат бойынша мәліметтердің өзгеруі туралы ақпаратты, Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер мен толықтырулар жүргізілген тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпаратты:

- жаңасына ауыстыруға байланысты кері қайтарып алу кезінде импортталған тауарлардың бағасы ұлғайған жағдайда өзгертілген және алдыңғы құн арасындағы айырманы көрсете отырып ұсыну кезінде – Еуразиялық экономикалық одақтың салық органдары тауарларды әкелу туралы өтінішті қабылдау туралы ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде;
- алып тастауға байланысты кері қайтарып алу кезінде – тауарларды әкелу туралы өтініштің мәртебесі өзгерген күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жібереді.
- Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қайта жібереді.
- 39. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің уәкілетті лауазымды адамы Қағидаларға сәйкес есептік нөмір беру талап етілетін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарларға декларацияны ресімдеу кезінде экспорттаушы немесе импорттаушы тауарларға арналған декларацияда мәлімдеген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін Қағидалардың 34-тармағына сәйкес есепке алу нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша алынған ақпаратпен салыстырып тексереді.
- Экспорттаушы немесе импорттаушы нақты ақпаратпен сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларға арналған декларацияға тиісті түзетулер енгізеді.»;
- 5) Қағидалардың 47-тармағының бірінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «47. Мемлекеттік кірістер органы мен Ұлттық Банктің ақпараттық жүйелеріндегі тауарларға арналған декларациялардан, тауарларды әкелу туралы өтініштерден алынған мәліметтерде алшақтықтардың болмау және (немесе) болу фактісі белгіленген кезде Қағидалардың 46-тармағында белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Ұлттық Банкке дәйекті деректерді жіберу қажеттілігі туралы мемлекеттік кірістер органын хабардар етеді.»;
- б) Қағидалардың 51-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «51. Мемлекеттік кірістер органы репатриациялау талабын бақылау үшін есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесіне жүктеу жолымен Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша валюталық бақылау нәтижелері туралы ақпаратты ай сайын жібереді.»;
- 7) Қағидалардың 53-тармағының екінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Мемлекеттік кірістер органы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесіне жүктеу жолымен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тиісті ақпаратты жібереді.»;
- 8) Қағидалардың 56-тармағының бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктері тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктердің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «56. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда 15 (он бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтайды және Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесіне жүктеу жолымен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда есептік тіркеу банкінің ақшаның қозғалысы, тауарлардың өткізілуі, жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі туралы ақпаратын алған сәттен бастап немесе мемлекеттік кірістер органында бар ақшаның қозғалысы, тауарлардың өткізілуі, жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі туралы ақпарат негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен шығарады және Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесіне жүктеу жолымен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.



- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда 15 (он бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтайды және Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесіне жүктеу жолымен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Ұлттық Банктен есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдерінің қайта басталуы туралы ақпаратты алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен шығарады және Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесіне жүктеу жолымен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.»;
- Осы бірлескен қаулымен және бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында:
- 2-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «1) банктік бақылаудың жеке карточкасы – уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) аумақтық филиалының экспорттаушының немесе импорттаушының репатриациялау талабын, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір алуға берілген өтініш мерзімін, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімдері мен шарттарына әсер ететін мән-жайлар туындағанын растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсыну мерзімін бұзу белгісінің болуы туралы ақпараты;»;
- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы), мемлекеттік кірістер органы (оның аумақтық бөлімшесі), уәкілетті банк (оның филиалы) Қағидаларда көзделген ақпаратты берілетін деректердің жасырындылығын және теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныш құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалану арқылы және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы электрондық тәсілмен беруді жүзеге асырады.
- Ұлттық Банк (оның филиалы) Қағидаларда көзделген ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесінен көшіріп алу жолымен ұсынуына жол беріледі.
- Мемлекеттік кірістер органының Қағидаларда көзделген ақпаратты Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесіне жүктеу жолымен ұсынуына жол беріледі.
- Техникалық себептер бойынша ақпаратты электрондық тәсілмен беру мүмкін болмаған кезде уәкілетті банктің (оның филиалының) ақпаратты қағаз тасымалдағышта беруіне жол беріледі. Мұндай жағдайда бұрын қағаз тасымалдағышта ұсынылған ақпарат техникалық себептер жойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық тәсілмен жіберілуі тиіс.
- Мемлекеттік кірістер органы Қағидаларға сәйкес алынған ақпараттың жасырындылығы мен сақталуын қамтамасыз етеді.»;
- 25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «25. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген негіздер болған кезде репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдері аяқталғаннан кейін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алып тастайды.
- Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу экспорттердің немесе импорттердің еркін нысанда берген өтініші негізінде жүзеге асырылады. Қағидалардың 26-тармағының 2), 3), 13) және 14) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу туралы өтініште экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың қолданылуын тоқтату туралы қосымша ақпаратты көрсетеді.
- Қағидалардың 26-тармағының 5), 6), 7), 8), 15), 16), 17), 18), 19), 21) және 22) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, есептік нөмір берілген күннен кейін күнтізбелік 1 (бір) жыл өткен соң міндеттемелері орындалмаған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа қатысты Қағидалардың 26-тармағының 20) тармақшасында көзделген негіз бойынша, сондай-ақ Қағидалардың 27-тармағында көзделген жағдайда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу экспорттаушының немесе импорттаушының тиісті өтінішін алмастан жүзеге асырылады.



- Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорттаушының немесе импорттаушының есептік тіркеуден алу негіздерін растайтын құжаттармен бірге өтініші келіп түскен күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алуды жүзеге асырады.
- Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидалардың 22 және 31-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік тіркеуден алынған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы экспорттаушыға немесе импорттаушыға еркін нысанда хабарлайды.
- Есептік тіркеуден алынған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша досье есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкте (оның филиалында) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалында экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік тіркеуден алынған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде сақталады.
- 26. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығару үшін мыналар:
- 1) Қағидалардың осы тармағының 23) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін толық көлемде орындауы, бас тартылған, мақұлданған, борышкер мен кредитор бір тұлға болған, мемлекеттік органның актісін орындау, шығару мүмкін болмаған жағдайларда, экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы жазбаша растауы және растайтын құжаттар болған кезде міндеттемелердің тоқтатылуы;
- 2) бейрезидентке бұрын алынған тауарларды, электрондық ақшаны қайтару, бейрезидентке зияткерлік меншік объектілеріне бұрын берілген ішінара айрықша құқықтарды қайтару, бейрезидентке бұрын жалға алу үшін берген мүлкін қайтару не бейрезиденттің міндеттемелерін орындамауына байланысты бейрезиденттің импорт жөніндегі валюталық шартты төлеуге алған пайдаланылмаған аванстық төлемді импорттаушыға қайтаруы;
- 3) бейрезидент тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда бұрын жөнелтілген тауарларды, электрондық ақшаны экспорттаушыға қайтаруы, экспорттаушыға зияткерлік меншік объектілеріне бұрын берілген ішінара айрықша құқықтарды қайтаруы, экспорттаушыға бұрын жалға беру үшін берілген мүлікті қайтаруы не экспорттаушы тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда экспорттаушы экспорт жөніндегі валюталық шартты төлеуге алған валютаны бейрезидентке қайтаруы;
- 4) экспорттаушы немесе импорттаушы бейрезидент алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындаған бейрезидент тарапынан шағым-талаптың жоқтығын растайтын құжаттарды ұсыну;
- 5) дара кәсіпкерлікті жеке жүзеге асыратын экспорттаушының немесе импорттаушының Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге қоныс аударуы туралы уәкілетті органының растауы;
- 6) тараптардың міндеттемелерді балама орындауы немесе бейрезиденттің не экспорттаушының немесе импорттаушының 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын баламадағы берешек қалдығының болуы шартымен тараптар міндеттемелерін орындаған соңғы күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың болмауы;
- 7) бейрезидентті тарату немесе банкрот деп тану туралы сот шешімінің не шет мемлекеттің өзге уәкілетті мемлекеттік органы құжатының болуы;
- 8) экспорттаушыны немесе импорттаушыны тарату және құқықтық мирасқордың болмауы;
- 9) Қағидалардың осы тармағының 21) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 9-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларда репатриациялау талаптарының толық орындалуы;
- 10) ақшалай талапты басқаға бере отырып (факторинг) қаржыландыруға арналған шарт шеңберінде экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шотына ақшаның түсуі;
- 11) уәкілетті банкті барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айыру;
- 12) уәкілетті банктің (оның филиалының) тараптар импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындаған не бейрезиденттің 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын баламадағы берешегінің қалдығы болған кезде импорттаушы импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есеп айырысу үшін шығарған бейрезидент ұсынған вексельді есепке алуы;
- 13) Қағидалардың 64-тармағын ескере отырып, бейрезиденттің келісімін растайтын құжаттар негізінде экспорттаушының немесе импорттаушының басқа резидентке экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезидент алдындағы өз борышын аударуы;
- 14) Қағидалардың 64-тармағын ескере отырып растайтын құжаттар болған кезде экспорттаушының немесе импорттаушының бейрезидентке талап ету құқығын басқа резидентке беруі;



- 15) дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспорттаушының немесе импорттаушының қайтыс болғандығы, қайтыс болған деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылуы туралы мемлекеттік орган немесе өзге уәкілетті орган құжатының болуы;
- 16) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке алуға жатқызған күннен бастап 3 (үш) жыл өтуі;
- 17) экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидалардың 21 – 24-тармақтарын ескере отырып, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есептік тіркеу банкі өзгертуі;
- 18) уәкілетті банкті мәжбүрлеп тарату;
- 19) Қағидалардың 65-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, сот органының немесе өзге де мемлекеттік органның, төреліктің бейрезиденттен экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алуы және (немесе) оның өтеуі туралы шешімінің болуы;
- 20) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы;
- 21) бейрезидент пен экспорттаушы немесе импорттаушы арасындағы бастапқы міндеттемені осы тұлғалар арасындағы өзге нысандағы немесе өзге орындау тәсілін көздейтін басқа міндеттемеге ауыстыра отырып бейрезиденттің шарт бойынша міндеттемелерін тоқтату;
- 22) КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес іскерлік қатынастарды тоқтату;
- 23) экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін тоқтату туралы жазбаша растауы және растайтын құжаттары (болған жағдайда) болған кезде бейрезиденттің не резиденттің 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын баламадағы берешегі қалдығының болуы негіз болып табылады.»;
- 33-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«33. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты есептік нөмір берілген, есептік тіркеуден шығарылған, жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны, есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдерінің қайта басталғаны жөнінде ақпарат беру туралы сұратуын алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жібереді.»;
- 40-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Егер экспорт немесе импорт жөніндегі осындай валюталық шарттар бойынша экспорттаушы алған немесе импорттаушы жіберген ақшаның жалпы сомасы есепті айда 100 000 (бір жүз) мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, уәкілетті банк Ұлттық Банкке есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін (қоса алғанда) репатриациялау талабының орындалуын бақылау мақсатында мемлекеттік кірістер органына берілетін, Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 100 000 (бір жүз) мың Америка Құрама Штаттарының доллары баламасынан асатын сомаға экспорт немесе импорт бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты жібереді.»;
- 42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«42. Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған, Қағидалардың 41-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органына жібереді.»;
- 43-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Осындай шарт бойынша басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) ақша түскен кезде соңғысы өзінің резидент клиентінің банктік шотына Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті банкке (оның филиалына) экспорттаушының немесе импорттаушының тиісті нұсқауы (төлем құжаты) негізінде түскен ақшаны келесі жұмыс күнінен кешіктірмей аударып есепке алады. Экспорттаушы немесе импорттаушы ақша аударуға арналған нұсқауға есептік нөмір беру туралы белгі қойылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт парағының көшірмесін не валюталық шартқа есептік нөмір беру туралы еркін нысандағы хабарламаның көшірмесін қоса береді.»;
- 45-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«45. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы есепті айдан кейінгі айдың 15 күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде (репатриациялау мерзімі өткен ай) Ұлттық Банкке Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын мынадай жағдайларда:
1) репатриациялау мерзімі аяқталса, ал экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезидент орындамаған міндеттемелер сомасы 50 000 (елу мың) АҚШ доллары баламасынан асқан жағдайда;
2) экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасау мерзімін бұзған жағдайда;



- 3) экспорттаушы немесе импорттаушы Қағидалардың 17-тармағында көзделген тараптардың экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімдері мен шарттарына әсер ететін мән-жайлардың туындағанын растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды беру мерзімін бұзған жағдайда жібереді.»;
- 48-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- «48. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Ұлттық Банктен банктік бақылаудың жеке карточкасын және (немесе) Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшалары бойынша ақпаратты алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілігі көзделген экспорттаушы немесе импорттаушы жол берген Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзу белгілерінің бар-жоғына салыстырып тексеру жүргізгеннен және оны анықтағаннан кейін экспорттаушыға немесе импорттаушыға мыналарды:
- 1) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын қамтамасыз етпеу, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге уақтылы өтініш жасамау, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімдері мен шарттарына әсер ететін мән-жайлардың туындауын растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды уақтылы ұсынбау себептері туралы жазбаша түсініктемелер;
- 2) бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындағанын растайтын құжаттарды ұсыну туралы сұрату жібереді.»;
- 53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «53. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты мынадай мерзімдерде:
- 1) Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша – репатриациялау талабын орындамағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу шеңберінде экспорттаушыға немесе импорттаушыға қатысты шығарылған сот шешімін алған немесе тұрақты орналасқан жері бойынша экспорттаушының немесе импорттаушының жоқ екені анықталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде;
- 2) Қағидалардың 52-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша – Қағидалардың 26-тармағының 22) тармақшасында көзделген негіз бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу туралы ақпаратты алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде;
- 3) Қағидалардың 52-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша – Қағидалардың 71-тармағының төртінші бөлігінде көзделген мерзім ішінде жеке есепке жатқызады.
- Мемлекеттік кірістер органы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке жатқызылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тиісті ақпаратты жібереді.
- Ұлттық Банк Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тиісті ақпаратты жібереді.»;
- 55, 56 және 57-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «55. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтауға арналған негіздер мыналар:
- 1) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт жеке есепке жатқызылған күннен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін;
- 2) Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жекелеген есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақша қозғалысын, тауарларды өткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді қайта бастау;
- 3) тараптардың экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы немесе Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезиденттің не резиденттің 50 000 (елу мың) АҚШ доллары баламасынан аспайтын берешегі қалдығының болуы;
- 4) экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша жаңа есептік тіркеу банкіне ауысуы болып табылады.
- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер болған кезде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен алып тастайды және Қағидалардың 56-тармағында көзделген тәртіппен оны бұрын осы шартты есептік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе бұрын осы шартты есептік тіркеуді жүзеге асырған Ұлттық Банктің аумақтық филиалына валюталық бақылауға береді.



- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіздер болған кезде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен алып тастайды және Қағидалардың 56-тармағында көзделген тәртіппен оны жаңа есептік тіркеу банкіне валюталық бақылауға береді.
- 56. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда 15 (он бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтайды және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда ақшаның қозғалысы, тауарлардың өткізілуі, жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі туралы есептік тіркеу банкінің ақпаратын алған сәттен бастап немесе мемлекеттік кірістер органында бар ақшаның қозғалысы, тауарлардың өткізілуі, жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі туралы ақпарат негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен шығарады және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда 15 (он бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтайды және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Ұлттық Банктен есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдерінің қайта басталуы туралы ақпаратты алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен шығарады және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.
- Ұлттық Банк мемлекеттік кірістер органынан осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты, осы тармақтың екінші және төртінші бөліктерінде көрсетілген ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жібереді.
- Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген, Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банктен алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 26-тармағы 16) тармақшасының негізінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алады және экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік тіркеуден алынған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.
- 57. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақша қозғалысы, тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету қайта басталған жағдайда Ұлттық Банкке Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тиісті ақпаратты Қағидалардың 35-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жібереді (Қағидаларда көзделген тәртіппен мемлекеттік кірістер органы жіберетін тауарлардың қозғалысы, жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі туралы ақпаратты қоспағанда).
- Ұлттық Банк осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты мемлекеттік кірістер органына жібереді.»;
- 63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «63. Жеке сот орындаушысының шотына қызмет көрсететін банк есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша атқарушылық құжаттар негізінде ақша аударымы жүзеге асырылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорттаушының немесе импорттаушының есептік тіркеу банкі туралы ақпарат қамтылған жеке сот орындаушысының жазбаша келісімі негізінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы ақпаратты жібереді.»;



- 5-қосымша осы бірлескен қаулы мен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 12-қосымша осы бірлескен қаулы мен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулы⁹ мен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бірлескен қаулы мен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы бірлескен қаулы мен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
 3. Осы бірлескен қаулы мен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.
 4. Осы бірлескен қаулы¹⁰ мен бұйрық ресми жариялануға тиіс және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 27 желтоқсанда № 35553 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 85

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері жөніндегі кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

⁹ «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

¹⁰ «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы



3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының¹¹ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 30 желтоқсанда № 35576 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 87

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 62 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 56 бірлескен қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 62 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 56 бірлескен қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20593 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидалар осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

¹¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері жөніндегі кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы



- 2) осы бірлескен қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы бірлескен қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бірлескен қаулының¹² орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
 4. Осы бірлескен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 27 желтоқсанда № 35552 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2024 жылғы 24 желтоқсан № 88

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20075 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында:
 - 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

¹² «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 62 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 56 бірлескен қаулысына өзгеріс енгізу туралы



- «11. Банк касса торабының үй-жайларындағы терезе ойықтарын қорғау үшін МЕМСТ 24033-2018 «Терезелер, есіктер, қақпалар. Механикалық сынау әдістері» мемлекетаралық стандартына (бұдан әрі – МЕМСТ 24033-2018 мемлекетаралық стандарты) сәйкес металл торларды және (немесе) бұзып кіре алмайтын берік әйнекті қолданады, бұл касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және қолма-қол ақша мен құндылықтардың ұрлану мүмкіндігін болдырмайтын тиісті құжаттаманың (жеткізушіден) болуымен расталады.
- Осы тармақтың талабы Ұлттық пошта операторына 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.»;
- 13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «3) сейф бөлмесінің есігі тиісті құжаттаманың (жеткізушіден) болуымен расталатын, ҚР СТ EN 1143-1-2020 «Қауіпсіз сақтауға арналған құрылғылар. 1-бөлім. Сейфтер, банкоматтарға арналған сейфтер, сейфі бар сақтау орындарына арналған есіктер және сейфі бар сақтау орындары» Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес ішке енуден қорғауды қамтамасыз ететін, бұзып кіруге төзімділіктің IV сыныбынан кем емес, қалыңдығы кемінде 4 (төрт) миллиметр сейф бөлмесінің металл есігі. Осы саңылауға бір құлыппен жабылатын ішкі торлы металл есік орнатылады.
- Осы тармақшаның талабы Ұлттық пошта операторына 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.»;
- 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «14. Қоймада және сейф бөлмесінде кассалық операцияларды механикаландыру құралдарына, жарықтандыруға, желдетуге, қауіпсіздік және сигнализация жүйелеріне арналған құбырлар мен электр қуатының кабельдерін қоспағанда, коммуникациялар (энергия алуды және пайдалануды қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар, электр беру желілері, газ және су құбырлары, трансформаторлық және сорғы станциялары, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар, бақылау-өлшеу аспаптары) жүргізуге жол берілмейді.
- Банктер, инкассаторлық ұйымдар, уәкілетті ұйымдар қоймада және сейф бөлмесінде желдетуді орнату туралы шешім қабылдаған жағдайда, қоймада және сейф бөлмесінде желдетуді жобалау ҚР ҚЖ 4.02-101-2012 «Жылыту, желдету және ауаны баптау» Қазақстан Республикасының қағидалар жинағына сәйкес келуге тиіс. Қойма есіктері ашылғаннан кейін қосылатын мәжбүрлі желдету жүйесімен қойманы жабдықтауға жол беріледі.
- Қойма мен сейф бөлмесіндегі желдеткіш құрылғысы ішке енуден қорғауды қамтамасыз ететін арнайы сигнализациямен жабдықталуға тиіс.
- Осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінің талаптары Ұлттық пошта операторына 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.»;
- 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «16. Касса (кассалар) үй-жайының құрылғысы мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:
- 1) әрбір кассаның құлыппен жабылатын есігі бар жеке кіретін жері болады.
- Егер касса касса торабының сыртында болса, құлыпқа жабылатын және бұзып кіре алмайтын берік есік орнатылады.
- 2) кассаның қабырғалары, төбесі мен едені касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталады;
- 3) кассаның алдыңғы бөлігінде МЕМСТ 24033-2018 мемлекетаралық стандартына сәйкес бұзып кіре алмайтын берік әйнекпен жабдықталған терезе ойығы болады, бұл касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және қолма-қол ақша мен құндылықтардың ұрлану мүмкіндігін болдырмайтын тиісті құжаттаманың (жеткізушіден) болуымен расталады.
- Осы тармақшаның талабы Ұлттық пошта операторына 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады;
- 4) кассаның алдыңғы бөлігі қолма-қол ақша мен құндылықтарды беру үшін арнайы тасымалдау құрылғылармен жабдықталады. Тасымалдау құрылғысын іске қосу және бекіту тетігі жарамды күйінде кассаның ішінде болады.
- Әйнек пен тасымалдайтын құрылғы арасында тесіктердің пайда болуына жол берілмейді.
- Кассаның төмен жағының алдыңғы бөлігін 10 (он) бумадан астам банкнотты және (немесе) 5 (бес) қаптан астам монетаны қабылдауға және беруге мүмкіндік беретін инкассаторлық бункермен жабдықтауға жол беріледі;
- 5) кассалардың арасы кассаларды және тиісінше касса қызметкерлерінің арасында олардың жұмыс орындарын бөліп тұратын қалқалармен жабдықталады;
- 6) касса бейнебақылау жүйесінің бейнекамераларымен жабдықталады;
- 7) касса сөйлесу құрылғысымен (микрофонмен) жабдықталады.»;
- 17-тармақ алып тасталсын.
- 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «22. Көшеден жеке кіру есігі бар, үйлерде (ғимараттарда, үй-жайларда) орналасқан уәкілетті ұйымның үй-жайы мынадай үй-жайларды:
- 1) кассаны;
- 2) операциялық залды немесе клиентке қызмет көрсетуге арналған үй-жайды қамтиды.
- Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің үй-жайы құқық белгілейтін құжатта және (немесе) жалдау шартында көрсетілген мекенжай бойынша орналасуға тиіс.



- 23. Уәкілетті ұйым кассасының үй-жайларын жайластыру Қағидалардың 16-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.».
- 2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
- 5. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін мыналардың:
 - 1) осы қаулының 1-тармағының төртінші, бесінші абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
«11. Банк кассалық торап үй-жайларындағы терезе саңылауларын қорғау үшін касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және қолма-қол ақша мен құндылықтардың ұрлану мүмкіндігін болдырмайтын металл торларды және (немесе) қорғаныс құралдарымен жабдықталған бұзушылыққа қарсы және оқ өткізбейтін ролеттерді пайдаланады.»;
 - 2) осы қаулының 1-тармағының жетінші, сегізінші абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
«3) сейф бөлмесінің есігі металл, қалыңдығы кемінде 4 (төрт) миллиметр, оны екі құлыппен бекітуге болады. Осы саңылауға бір құлыппен жабылатын ішкі торлы металл есік орнатылады.»;
 - 3) осы қаулының 1-тармағының оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
«14. Қоймада және сейф бөлмесінде кассалық операцияларды механикаландыру құралдарына, жарықтандыруға, қауіпсіздік және сигнализация жүйелеріне арналған құбырлар мен электр қуатының кабельдерін қоспағанда, коммуникациялар (энергия алуды және пайдалануды қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар, электр беру желілері, газ және су құбырлары, трансформаторлық және сорғы станциялары, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар, бақылау-өлшеу аспаптары) жүргізуге жол берілмейді.»;
 - 4) осы қаулының 1-тармағының он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші және жиырма алтыншы абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
«16. Касса (кассалар) үй-жайының құрылғысы мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:
 - 1) әрбір кассаның құлыппен жабылатын есігі бар жеке кіретін жері болады;
 - 2) кассаның қабырғалары, төбесі мен едені касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталады;
 - 3) кассаның алдыңғы бөлігінде касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталған және қолма-қол ақша мен құндылықтардың ұрлануын болдырмайтын терезе ойықтары болады;
 - 4) кассаның алдыңғы бөлігі қолма-қол ақша мен құндылықтарды беру үшін арнайы тасымалдау құрылғылармен жабдықталады. Тасымалдау құрылғысын іске қосу және бекіту тетігі жарамды күйінде кассаның ішінде болады.
 - Кассаның төмен жағының алдыңғы бөлігін 10 (он) бумадан астам банкнотты және (немесе) 5 (бес) қаптан астам монетаны қабылдауға және беруге мүмкіндік беретін инкассаторлық бункермен жабдықтауға жол беріледі;
 - 5) кассалардың арасы кассаларды және тиісінше касса қызметкерлерінің арасында олардың жұмыс орындарын бөліп тұратын қалқалармен жабдықталады;
 - 6) касса бейнебақылау жүйесінің бейнекамераларымен жабдықталады;
 - 7) касса сөйлесу құрылғысымен (микрофонмен) жабдықталады.».

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.